

#ЖаңаҚазақстан

Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін күшейту емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Мен баршаңызды елдің ертеңі, ұрпақтың келешегі үшін референдумға қатысуға шақырамын! Ұлт мүддесіне сай бастамаларды қолдайсыздар деп сенемін! Еліміздің жарқын болашағы – өз қолымызда!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


#РЕФЕРЕНДУМ2022



ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ
МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

4

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ 2022



БАЛАНЫҢ
БАҚЫТЫНАН АРТЫҚ
ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

12-13

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 1 маусымдағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА
I компонентпен

1 102 323

II компонентпен

1 084 579

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 1 маусымдағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 504 978** адам,

II компонентпен **9 282 326** адам
вакцина салдырды.

Ревакциналанғандар саны –
4 455 131

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

2.06.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

3.06.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр,
найзағай, бұршақ.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр,
кей уақытта қатты,
найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №61 (6196) 2 маусым, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАРАШАҢЫРАҚҚА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕМІЗ

Академия тарихының жаңа кезеңіне жол ашамыз



Алматы қаласына жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Ұлттық Ғылым академиясының сессиясына қатысты. Президент, ең алдымен, ғалымдарды Ұлттық Ғылым академиясының 75 жылдығымен құттықтап, мұны еліміз үшін мән-маңызы айрықша оқиға деп атап өтті. Сондай-ақ, дамудың бірден-бір жолы ғылым екенін айтып, адамзат баласы жетістіктің бәріне білімнің арқасында жеткеніне тоқталды.

2

ТАҒЗЫМ

ҒАСЫР ҚАСІРЕТІ



Шаһар басшысы Ерболат Досаев 1931–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

3

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы бір топ ғылыми қызметкерді мемлекеттік наградалармен марапаттады.
- Қазақстанда 1 млн-нан астам баланы қамтитын мәдени жобалар қолға алынған.
- ЖОО-ға түсуге қосымша 15 мың білім гранты бөлінді.
- Жеңілдетілген несиелем 1 мыңнан астам автокөлік сатылды.
- Елімізде бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы енгізіледі.

www.almaty-akshamy.kz



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҮШ КҮН ҚАЛДЫ.
ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ: ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДАУЫС БЕРЕЙІК!



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАРАШАҢЫРАҚҚА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕМІЗ

Академия тарихының жаңа кезеңіне жол ашамыз

(Басы 1-бетте)

ҒЫЛЫМНЫҢ ЕН БАСТЫ МИССИЯСЫ

— Қарапайым заттардан бастап, күрделі ой-тұжырымдарға дейін, барлығы да — ғылымның жемісі. Шын мәнінде, ілім-білім арқылы бүкіл жаратылысты терең танып білеміз. Таным көкжиегін кеңейтіп, жаңа белестерге шығамыз. Ғылымның ең басты миссиясы — осы. Ұлы далада өркендеген ғылымның тамыры тым тереңде жатыр. «Адамзаттың екінші ұстазы» — Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы — соның айқын көрінісі, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көне заманнан бастау алған ілім жолы ешқашан үзілмегенін, өткен ғасырда қазақ ғылымы ерекше қарқынмен дамығанын еске салды.

— Бұл ұйым құрылған кезден бастап қоғамдық дамудың көш басында болды. Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әбікен Бектұров, Ахмет Жұбанов, Әлкей Марғұлан, Шахмардан Есенов, Өмірзақ Сұлтангазин, Мұрат Айтқожин, Әбдуәли Қайдаров және басқа да көптеген көрнекті тұлғалардың есімі Қазақстан тарихына алтын әріппен жазылды. Олардың әрқайсысы өз саласының асқар шыңын бағындырды. Қазба байлығымызды игеруге, өндірісті өркендетіп, экономиканы дамытуға, елді рухани жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосты. Біз халқымыздың біртұар перзенттерінің еңбегін әрдайым жадымызда сақтаймыз. Өскелең ұрпақ оларды үлгі-өнеге тұтады. Бүгінде жас ғалымдарымыз сол алыптардың ізін басып, жолын жалғап келеді, — деді Президент.

ЕЛІМІЗДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРАТЫН НЕГІЗГІ САЛАНЫҢ БІРІ

Мемлекет басшысының айтуынша, әлеуетімізді арттырып, үздіксіз алға басу үшін әрдайым іздену керек. Биік мақсат қойып, жаңашылдыққа ұмтылып, жұмыстың тиімділігін арттыру қажет. Сондай-ақ, ХХІ ғасырда мемлекеттің қуаты ғылыми-техникалық жетістіктермен өлшенетінін, халықаралық аренадағы ықпалы да осыған байланысты екенін алға тартты.

— Ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту — еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Біз отандық ғылымның басымдықтарын халықаралық талаптарға және ұлттық мүдделімізге сәйкес айқындаймыз. Бүгінгі басқосуға осы саланың мәселелері туралы ашық пікір алмасамыз деп ойлаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы соңғы жылдары ғылым жүйесінде едәуір өзгерістер болып, саланы тежеп отырған түйткілдерді шешу үшін нақты жұмыс атқарылып жатқанына тоқталды. Сонымен қатар, өткен аптада ғылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданғанын айтып, еліміздегі 22 мыңнан астам ғалым санын осыдан 30 жыл бұрынғы ахуалмен салыстырғанда көп емес екенін атап өтті.

— Жалақының аз және тұрақсыз болуы осы саладағы кадрлық әлеуеттің күрт төмендеуіне әкеп соқты. Іргелі ғылымдармен айналысатын институттардың жағдайы өте ауыр болды. Біз алдымызға ғалымдардың санын көбейту, ғылыми экожүйені нығайту сияқты мақсаттар қойып отырмыз. Сондай-ақ, ғылыми жаңалықтардың коммерциялық тиімділігін арттыру және ғылымды басқару жүйесін жетілдіру басты назарда болады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы проблеманы ғалымдар жылдар бойы көтеріп келгеніне назар аударып, аталған мәселе «Ғылым туралы» заңға енгізілген өзгерістердің негізінде шешілгенін атап өтті. Асыра айтқанда, заңға іргелі зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу институттарын қаржыландырудың жаңа түрі енгізілді. Бұл қадам бірқатар ғылыми институттардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Базалық қаржыландыруға жетекші ғалымдардың еңбекақысы кіреді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде ғылыми қызметкерлердің орташа жалақысы 70 пайызға өскен. Сондай-ақ, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мерзімі үш жылдан бес жылға дейін ұлғайтылып, соңғы үш жылда ғылымның мемлекет тарапынан қаржыландырылуы 70 пайызға артқан.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ЖАЛПЫ МӘЖІЛІСІНІҢ САЛТАНАТТЫ СЕССИЯСЫ



— Ғалымдардың біліктілігін арттыру үшін әлемдік ғылыми орталықтарда тағайымдамадан өтуге гранттар бөлінеді. Ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстардың нәтижелерін коммерцияландыру бойынша сұранысқа ие жобалар жүзеге асырылып жатыр, — деді Президент.

ҒЫЛЫМИ ОЙ-ТҰЖЫРЫМ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛУҒА ТИІС

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ғылымда түйткілді мәселелер әлі де жеткілікті екеніне тоқталып, оларды кезең-кезеңімен шешу үшін Академияның мәртебесін өзгерту, университеттердің ғылыми әлеуетін күшейту, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау жүйесін жетілдіру, ұзақ мерзімді ғылыми-технологиялық дамуды тиімді жоспарлау сияқты басымдықтарға назар аудару қажет екенін атап өтті.

Президент Академияның мәртебесін өзгерту мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталды. Бұл құрылымның 20 жыл бойы ғылымды басқару ісінен тыс қалғанын атап өтіп, оның қызметі әлемдік тәжірибеге сай жүргізілуі керек екенін айтты.

— Бұл құрылым ғылыми ой-тұжырым орталығына айналуға тиіс. Сондай-ақ, сараптама жасайтын беделді мекеме болуы керек. Қарашаңырақтың рөлін арттыру аса маңызды. Сондықтан оған мемлекеттік мәртебе береміз және бюджет есебінен қаржыландырамыз. Оның қазір атқарып отырған қызметінен басқа да міндеттерін нақты белгілеу қажет. Атап айтқанда, ғылыми басымдықтарды дәл осы құрылым айқындауы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент арнаулы гранттар, стипендиялар және сыйлықтар тағайындау құзыреті де Академияға берілгені жөн деп санайды. Сондай-ақ, ғылымға адалдық мәселесіне баса назар аударды.

— Қазір қоғамда құр атақ үшін ғылыми дәреже алғысы келетіндердің бар екені жасырын емес. Бұл жағымсыз үрдіске айналып барады. Олар шын мәнінде, ғылыми атаққа ие болғанымен, ғылым жолын жалғастырмайды. Соның кесірінен мемлекеттің қаншама қаражаты босқа кетеді. Бұған біржолата тосқауыл қоятын кез келді. Біз ғылымға шынайы берілген азаматтарды ғана қолдауымыз қажет. Оның жолдарын жан-жақты ойластырған жөн, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Академияға лайықты тұлғалар ғана ашық әрі әділ сайлануы қажет екеніне тоқталып, бұл мекеменің қызметін қазіргі заманғы талаптарға сәйкестендіріп, түбегейлі өзгерту керектігін жеткізді.

— Академиктер барынша ашық әрі әділ сайлануы қажет. Жұрт ұйымға мүше болу рәсімдерін және оған үміткерлерді толығымен біліп отыруға тиіс. Ғылыми қызметпен тікелей айналысатын академиктерге өмір бойы ай сайын стипендия беру мәселесі шешіледі. Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Мұның бәрі Академияның жұмысына тың серпін беріп, беделін арттырады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев университеттердің ғылыми әлеуетін нығайтуды екінші басымдық ретінде атады.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫН ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы осыған байланысты ғылыми зертханалар мен эксперименттік инфрақұрылымды дамытуға мақсатты гранттар бөлу арқылы ЖОО жанындағы ғылыми-технологиялық парктерді қолдау бағдарламасын іске қосуды Үкімет пен салалық министрлікке тапсырды. Президент зерттеу университеттерін білім берудегі сән үрдісі емес, Жаңа Қазақстанның инновациялық экономикасын құрудың негізі деп атап өтті. Бұған дейін еліміздің батысында техникалық университеттер құру қажеттігін айтқанын еске салған Қасым-Жомарт Тоқаев бұл қадамның дұрыстығына толық сенімді екенін жеткізді.

Президент үшінші басымдық ретінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау жүйесін жетілдіру жөнінде айтты.

— Ғылымды қаржыландырудың негізгі көзі ретінде мемлекеттік бюджетпен қатар жер қойнауын пайдаланушылар мен ұлттық компаниялардың қаражаттары, ірі жеке сектор — өнеркәсіптік корпорациялар және басқа да ұйымдар тартылуы керек. «Самұрық-Қазына» қоры жанынан Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы құрылды. Оның міндеті — ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу үшін ғылыми қоғамдастықпен жүйелі ынтымақтастық орнату. Жер қойнауын пайдаланушылардың пайдалы қазбаларды өндіруге кететін қаржысының 1 пайызын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға аудару және аударымдар мен қаражатты бөлудің ашықтығын қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен жаңа ғылыми орталықтарды құруға жеке инвестициялар үшін салықтық және инвестициялық жеңілдіктерді арттыратын кез келді деп есептеймін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЭКОЖҮЙЕСІ ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАДЫ

Президенттің пікірінше, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жергілікті атқарушы органдарды тарту қажет. Олар да ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыра алуы керек. Жергілікті жерлерде ғылым, бірінші кезекте, облыс экономикасының назарында тұрған мәселелерді шешуге бағытталуға тиіс.

Мемлекет басшысы ұзақмерзімді ғылыми-технологиялық дамуды тиімді жоспарлау мәселесін төртінші басымдық ретінде атады.

— Бұрынғы Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығын қайта ашу керек деп санаймын. Ғылыми қызметті тиімді басқару және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу — маңызды міндеттің бірі. Сол себепті, осы

саладағы барлық үдерісті тезірек цифрландыру керек. IT саласындағы соңғы жетістіктерді пайдаланып, Қазақстан ғылымының бірыңғай экожүйесін қалыптастыруға тиіспіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымның ұлттық экономикаға қосатын үлесін көбейтіп қана қоймай, оның әлемдік ғылыми кеңістікпен ықпалдастығын күшейткен жөн деп есептейді. Сондай-ақ, ғалымдар еліміздің рухани дамуына да баса мән бергені дұрыс.

— Жастардың отанышылдық рухын күшейту керек. Қазір әлеуметтік желіде Мемлекеттік туды қадірлеу туралы көптеген ой-пікірлер айтылуда. Өкінішке қарай, қасиетті Көк Туымызға байланысты орын алған жағымсыз жағдайлар азаймай тұр. Сондықтан байрағымызды пайдалану тәртібін қайта қарау керек деп ойлаймын. Қажет болса, тиісті заңдарға өзгертулер енгізуге болады. Өйткені, Көк Туымыз — қастерлі Тәуелсіздігіміздің символы. «Туған жерге туыңды тік» деп халқымыз бекер айтпаған. Біз — туын әрқашан биік ұстаған елміз. Осы ретте Қаныш Сәтбаевтың бір ойы өзекті болып отырған сияқты: «Өзі елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес». Мемлекеттік рәміздерімізді қастерлеу — әр азаматтың перзенттік парызы. Осыны өскелең ұрпақтың санасына сіңіретін ең әуелі — сіздер, яғни зиялы қауым. Қазір еліміз түбегейлі және жан-жақты өзгеру жолына түсті, — деді Президент.

РЕФОРМАЛАР БҮКІЛ ҚОҒАМНЫҢ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ

Мемлекет басшысы бірнеше күннен кейін Конституцияға енгізілетін түзетулер бойынша референдум өтетініне тоқталып, бұл болашағымызды айқындайтын жауапты сәт екеніне назар аударды.

— Бұл қоғамдық-саяси өзгерістерге қоғамның сұранысын және халықтың алдағы өзгерістердің шынайылығына деген сенімін көрсетеді. Өйткені, осы реформалар жеке тұлғалардың, соның ішінде Президенттің артықшылықтарын арттыруды емес, бүкіл қоғамның мүддесін көздейді. Менен ел ішінде де, шетелде де Мемлекет басшысы өз өкілеттігін референдум арқылы ұзартуға, басқаша айтқанда, президенттік өкілеттікті қайта бастауға қамданып жатыр ма деп сұрайды. Менің жауабым біреу-ақ, мұндай ниет болған емес, болмайды да, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұсынылып отырған саяси жаңғырту бағдарламасының мазмұны — ауқымды. Бірақ басты назар адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін нығайтуға, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуын кеңейтуге, мемлекеттік институттардың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған.

— Дамыған демократиялық қоғам құру дегеніміз айқайлап ұрандату, бірден нәтижеге қол жеткізу емес, дәйекті және жүйелі жұмыс жүргізу екенін түсінуіміз керек. Елімізде жоғарғы саяси жауапкершілік мәдениеті орнығуы қажет. Бүкілхалықтық референдум жаңа әділетті Қазақстанды құрудың маңызды бастамасы болмақ, — деді Мемлекет басшысы.

Президент қолға алған реформалардың табысты болуы оларды жүзеге асыруға барлық азаматтың қалай атсалысатынына тікелей байланысты екеніне назар аударды. Бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғанда ғана елдің нақты жаңғыруын және прогрессивті дамуын қамтамасыз ете аламыз.

— Алдағы референдум елдің саяси трансформациясының соңғы кезеңі емес, шын мәнінде оның бастамасы екенін атап өткім келеді. Жұмыс енді ғана басталып жатыр, өйткені өмірдің өзі және азаматтардың қажеттіліктері бізге жаңа міндеттер жүктейді. Саясатта шалт қимылға жол берілмейтінін, ең күрделі геосаяси жағдайларда ол жойқын зардаптарға, деградацияға, тіпті мемлекеттіліктің жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін екенін қаперде ұстау керек. Біз осындай тар жол, тайғақ кешуде әр қадамымызға байыппен қарауымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, ғалымдар Жаңа Қазақстанды, яғни Екінші Республиканы құру ісіне белсене атсалысып, осы маңызды әрі тарихи сәтте зор жауапкершілік танытатынына сенім білдірді.

— Біз қарашаңыраққа тың серпін береміз. Академия тарихының жаңа кезеңіне жол ашамыз. Қазақ ғылымының әлемдік өркениетке қосар үлесі көп болсын! Баршаңызға амандық тілеймін! Қасиетті Отанымыз — Қазақстанымыз жасай берсін, — деді Президент.

Жиын соңында Мемлекет басшысы бірқатар ғалымды мемлекеттік наградалармен марапаттады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТАҒЫМ

ҒАСЫР ҚАСІРЕТІ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Жиынға саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының туыстары мен жақындары, мәдениет қайраткерлері, қоғам өкілдері қатысты. Нөсер жаңбырға қарамастан, еске

алу күніндегі рәсімге қаланың 100-ден астам тұрғыны жиналды. Олар қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алып, опат болған боздақтардың рухына бағыштап Құран оқыды. Ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Еске алу шарасы барысында жазушы Смағұл Елубай, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі Хангелді

Әбжанов, кинорежиссер Геннадий Земель сөз сөйледі. Еске алу шарасына қатысушылар қайғылы оқиғаларды есте сақтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша жұмысты жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Өртүрлі мәліметтер бойынша, 30-жылдардағы халық саны 3 миллионнан астам адамға азайды. Еліміздің 100 мыңнан астам тұрғыны саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

ТҰРҒЫН ҮЙ

МИБ: ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Көппәтерлі тұрғын үйлердің жартысынан көбі жаңа нысанға көшті



Алматыдағы көппәтерлі тұрғын үйлердің 60,2%-ы тұрғын үй қорын басқарудың жаңа нысандарына көшті. Мегаполисте басқарудың жаңа нысандарына көшуге жататын 7129 көппәтерлі тұрғын үй бар. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы Данияр Қырықбаев пен Тұрғын үй инспекциясы және тұрғын үйді жаңғырту бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бекежан Алмырза айтып берді.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Спикердің мәліметінше, Алматы қаласында елдегі ең ірі тұрғын үй қоры бар. Оның 820-дан астамы басқару органдарына қызмет көрсететін 8879 көппәтерлі тұрғын үйден (КПТУ) тұрады. Бұл ретте 7129 КПТУ ғана басқарудың жаңа нысанына көшуге жатады.

«Біз қалалық Жол картасын, сондай-ақ тұрғындар арасында жиналыс өткізу кестесін бекіттік. Тұрғындармен және қолданыстағы басқару органдарының басшыларымен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін тұрғын үй инспекциясы мен аудандық әкімдіктердің аппараттары өкілдерінің қатысуымен аудандар бойынша сегіз мобильді топ құрылды», — деп атап өтті Д.Қырықбаев.

Сонымен қатар, ол көппәтерлі тұрғын үйдің 4 мыңға жуығы басқарудың жаңа нысанына көшкенін атап өтті. «Бүгінгі жағдай бойынша Алматыда тіркелген 4294 көппәтерлі тұрғын үйдің 3983-і жаңа

нысанға көшті. Оның ішінде 857 мүлік меншік иелерінің бірлестігі (МИБ) және 3126 қарапайым серіктестік (ҚС), бұл нәтижесінде 60,2%-ды құрайды. Қолданыстағы басқару органдарына келетін болсақ, олар 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін үйге арналған қолда бар құжаттаманы МИБ төрағасына немесе ҚС уәкілетті өкіліне беруге міндетті», — деді спикер.

Басқарма басшысының айтуынша, бүгінге дейін алматылықтарға тұрғын үй қорын басқарудың жаңа нысандарына көшуге байланысты мәселелерді түсіндіру үшін БАҚ-пен белсенді жұмыс жүргізілген. Одан бөлек, орталық телеарналардың қатысуымен репортаждар түсіріліп, онда бірнеше үлгілі МИБ жұмысы көрсетілген. Интернет-ресурстарда 100-ден астам жарияланым ұйымдастырылған. Қоғамдық орындарда жалға алу үшін іс-қимыл алгоритмі бар бейнероликтер жасалып, халыққа брошюралар таратылған. 200-ге жуық онлайн кездесулер өткізіліп, Call-орталық аясында 2730-ға жуық тұрғынға кеңес берілген. Қаладағы барлық мүдделі арнайы

қызметтердің қатысуымен «Ашық есік күні» іс-шаралары өткізілді.

БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУҒА ШАҚЫРДЫ

Бүгінде Алматыда ПИК-тен тұрғын үй қорын басқарудың жаңа нысандарына көшуді көздейді ТКШ реформасы жалғасып жатыр. Дегенмен, мегаполис тұрғындарының осы ауысу процесінде кездесетін мәселелер аз емес.

Спикердің айтуынша, басты проблемалардың бірі — ПИК-тің үйді МИБ-ке өткізгісі келмеуінде. Көбінесе басқару органдарының төрағалары қабылдау-тапсыру актісіне өз еркімен қол қойғылары келмейді. Ал сот процестері орта есеппен 1 жылға дейін созылады.

Екінші мәселе — аула аумақтарын күтіп ұстау бойынша туындайтын мәселелер. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум құрамына енгізілмеген үй жанындағы және аула аумақтарын тазартудан кейде бас тартады.

Үшінші мәселе — шағын пәтерлік тұрғын үйлерді күтіп ұстау. Шағын пәтерлік тұрғын үйлер үшін (8–18 пәтерлік үйлер) бұдан әрі тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар есебінен күтіп-бағумен МИБ немесе ЖС тұлғасында басқарудың жаңа нысандарының бірін таңдау ақша қаражаты санының аз түсуіне байланысты болуы мүмкін.

Брифинг барысында Данияр Қырықбаев жоғарыда аталған проблемалық мәселелер бойынша ҚР ИИДМ орталық мемлекеттік органына бастамашылық хаттар жіберілгенін хабарлады. Сонымен қатар, ҚР Парламенті Мәжілісінің қаулысына сәйкес Алматы қаласы ТКШ реформалау жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізілді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, қаламыздың тұрғындарына өтініш білдіргім келеді. Құрметті тұрғындар, Сіздерді бұл мәселеде барынша белсенді болуға шақырамын. Заң бар, нормативтік-құқықтық актілер бар, соларды қолдана отырып, басқарудың жаңа жүйесіне көшкендеріңіз жөн. Кеңес беруге біздің есігіміз сіздер үшін әрдайым ашық. Біздің басқарма Достық даңғылы, 85 мекенжайдағы Әлеуметтік қызметтер үйінде орналасқан. Бірінші қабатта «бір терезе» қағидаты бойынша барлық әлеуметтік қызметтерді алу үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Сіздер біздің мамандармен 225-14-31 нөмірі бойынша байланыса аласыздар, — деді Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы.

АКЦИЯ

БАЛАЛАР ТІСІН ТЕГІН ЕМДЕТЕДІ

Алматыдағы тіс емханаларында балаларға арналған ашық есік күндері басталды

Оңтүстік астанада Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Балаларға күлкі сыйла» деп аталатын шара басталды. Маусымның 16-сына дейін жалғасатын акция барысында 18 жасқа дейінгі балалар стоматологиялық қызметтерді тегін пайдалана алады.



Медициналық сақтандыру қоры Алматы филиалының мұрындық болуымен қолға алынған акцияға Қор базасындағы жеке-меншік стоматологиялық клиникалар қатысып жатыр.

«Бұл балаларға демалыс кезінде тістерін емдетіп алуға мүмкіндік беретін тамаша акция. Шара тістің шіруіне жол бермей, уақытылы емдеу мәселесіне балалар мен ата-аналардың назарын аудару мақсатында өткізіліп отыр», — дейді «Алматы қаласының балалар стоматологиялық клиникасы» ЖШС директоры Төретай Рузудинов.

МСҚ Алматы филиалы директорының орынбасары Жанар Кенжебаеваның айтуынша, бұл клиникалар балаларға сақтандыру есебінен жоспарлы стоматологиялық көмек түрлерін де көрсетеді.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы жүкті әйелдер мен 18 жасқа дейінгі балаларға стоматологиялық көмек тегін көрсетіледі. Олардың арасында тісті жансыздандыру, химиялық пломба салу, терапевтің қабылдауы, пульпит пен перидонтитті емдеу, флюороз, гипоплазия кезінде тістің анатомиялық пішінін толық қалпына келтіру, тісті хирургиялық жолмен жолу, т.б. қызметтер кіреді», — деп атап өтті Жанар Кенжебаева.

Естеріңізге сала кетсек, «Балаларға күлкі сыйла» шарасы барысында кішкентай пациенттерге МӨМС пакетіне кірмейтін ортодонттік кеңес көрсетілмек. Жак пен тіс құрылымындағы ақауларды арнайы құрылғылардың көмегімен түзеткісі келетіндер ортодонт маманның консультациясында болып, тегін кеңес ала алады.

АШЫҚ ЕСІК КҮНДЕРІНІҢ КЕСТЕСІ:

- «Алматы қ. балалар стоматологиялық клиникасы» ЖШС — 1 маусым.
- «BayanSulu Clinics» ЖШС — 2 маусым.
- «Таугүл-дент» ЖШС — 3 маусым.
- «VITA DENTAL CLINIC («Облыстық балалар стоматологиялық емханасы» ЖШС) — 4 маусым.
- «Dr.Bibi Clinics» ЖШС — 6 маусым.
- «Алматы қ. орталық стоматологиялық емханасы» ЖШС — 7 маусым.
- «Әлеуметтік балалар стоматологиясы» ЖШС — 8 маусым.
- «Khan Stom» ЖШС — 10 маусым.



Стратегиялық 10 бастама:

Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тоғызыншы бастамасында билікті орталықсыздандыру үдерісіне маңыз берді. Оны тереңдете түспей, саяси жаңғыруды табысты жүргізу және азаматтық қоғамды дамыту мүмкін еместігін қадап айтты. «Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін тиімді ажырату қажет», – дей келе, бірқатар бағдарларға тоқталды.

- Саяси жаңғыру аясында мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналуға тиіс. Бүгінде олар жергілікті мемлекеттік басқару әрі жергілікті өзін-өзі басқару институты ретінде гибриді сипатқа ие болып отыр. Сондықтан мәслихаттардың өкілеттігін нақты белгілеу қажет.
- Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған әкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан мардымсыз қолдауға ие болуда. Әкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді. Сондай-ақ, олардың меншік базасын едәуір кеңейту қажет. Олар елеулі ресурстар иеленген соң ахуалға ықпал етеді, сонымен қатар жауапкершілік алады. Олай болмаған жағдайда, бұл өзін-өзі басқару емес, жай ғана алдамшы нәрсе болып шығады. Осыған байланысты қажетті дайындық жұмыстарының бәрін биылғы жылдың ортасына дейін аяқтау керек.
- Жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін мемлекеттік сатып алу тәртібін жеңілдету, бюрократия мен формализмді жою маңызды қадам болмақ.
- Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің нығая түсуі өңірлерді дамыту, масылдық көңіл күйді төмендету және еліміздегі демократиялық өзгерістерді орнықтыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар

Президенттің оныншы бастамасында қазіргі геосаяси ахуалдың қатты ушығып кетуіне байланысты Үкіметке дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыруды міндеттеді. Біздің елімізде ауқымды дағдарысты еңсеруге қажетті резервтер мен амал-тәсілдердің бәрі бар екенін мәлімдеді.

- Ең алдымен, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету керек. Бұл – біздің экономикалық қауіпсіздігіміздің негізгі факторы. Валюта нарығындағы тұрақсыздық жұрттың үрейленуіне, капиталдың елден шығарылуына, трансшекаралық «жасырын» ақша аударылымдарына байланысты болып отыр. Сондықтан қаржы саласында өршіп тұрған жасанды сұранысты, соның ішінде сырттан келген сатып алушылардың белсенділігінен туындаған сұранысты азайту қажет.
- Ірі институционалдық құрылымдар шетел валюталарын тек өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау аясында ғана сатып алып, сұранысты қамтамасыз етуі керек.
- Екінші деңгейдегі банктер өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау барысында клиенттерінің валюта алуына бақылау және мониторинг жүргізуге тиіс. Банктердің осы талаптарды сақтауына қатаң бақылау жасаған жөн.
- Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл бағытта шешуші шаралар қабылдауы керек. Жалпы, ұтымды шешімдер қажет.
- Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан қазіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор.
- Егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аударылады. Үкімет пен әкімдіктер бұл жұмысты ерекше бақылауға алуға тиіс. Шаруалардың қажетті жанар-жағар майды қолайлы бағамен алуын қамтамасыз ету керек.
- Жалпы, фермерлер қауымдастығымен бірлесіп, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау тәсілдерін қайта қарау керек. Тапшылықтың және азық-түлік бағасының жөнсіз қымбаттауының алдын алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау қажет.
- Алмағайып өзгерістер жағдайында мемлекеттік аппарат ахуалға тез бейімделіп, барынша үйлесімді әрекет етуге тиіс. Шешімді жайбасарлықпен қабылдауға, шенеуніктік формализмге жол берілмейді. Қазір толықтай жұмылуымыз қажет.
- Бизнес өкілдерінің және азаматтардың нақты сұранысы негізінде шешімдер әрі кеткенде үш күн ішінде, тіпті, қажет болса бір тәулікте қабылдануға тиіс.
- Үкімет жанынан құрылған Жедел штаб ақпаратқа сол сәтте талдау жасайтын, сондай-ақ нақты шұғыл шаралар әзірлейтін Ахуалдық орталық сияқты жұмыс істеуі керек. Еліміздің дамуын мейлінше тежейтін шектен тыс бюрократияландыру жүйелі түрде жойып отыру қажет.
- Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту туралы Президент Жарлығы мемлекеттік органдардағы ішкі рәсімдерді түбегейлі қайта қарап, заң шығару және бюджет үдерістерін оңтайландырудың бастауына айналады. Сонымен қатар, саяси жаңғыру стратегиясын ескере отырып, экономика мен мемлекеттік басқару ісіндегі жаңа құрылымдық реформалар топтамасы әзірленбек.
- Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс. Бұл біздің елімізді дәйекті түрде ілгері дамытуды және азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

РЕФЕРЕНДУМ–2022

Студенттер референдумды қолдайды

Алматы қалалық мәслихатының депутаты Руслан Нұрлыбаев Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің студенттерімен кездесті.

Кездесуде халық қалаулысы 5 маусым күні өтетін республикалық референдумның Жаңа Қазақстанды құруға арналған нақты қадам екенін баса айтты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған конституциялық реформалардың айрықша тұстарына, ұсынылған өзгерістерге жеке-жеке тоқталып, Ата Заңға енгізілетін түзетулер мен өзгерістерді қарапайым тілмен түсіндіріп, студенттер сауалдарына жауап берді. Студенттер де жалпыхалықтық референдумның маңызы жайлы ойларын ортаға салып, Алматы жастарын ортақ іске жұмылуға, өзгерістерге дауыс беруге шақырды.

Мадина ТУЛЕУХАН.



ПІКІР. ТІЛЕК. ҰСЫНЫС.

ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Конституциялық өзгерістер жаңа Қазақстанды құқықтық, демократиялық, әділетті мемлекет ретінде құруға бағытталған

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Алматыда сарапшылармен, қоғамдық ұйымдардың көшбасшыларымен және зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Кездесулер барысында «Жаңа Қазақстан» бағдары, елімізде жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік реформалар, сондай-ақ, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде өткізілетін республикалық референдумға дайындық мәселелері кеңінен талқыланды.

Жас сарапшылар клубының мүшелерімен жүздесу

Парламент Сенаты жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелерімен кездесу барысында Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы жариялаған конституциялық реформа әр қазақстандықтың өміріне қалай әсер ететініне тоқталды.

Сенат спикерінің айтуынша, Конституцияға енгізілетін түзетулер, ең алдымен, адам құқықтарын қорғаудың барынша тиімді жүйесін қалыптастыруды көздейді. Еліміздің әр азаматы жүгіне алатын Конституциялық сот құру, өлім жазасының күшін жою және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің рөлін арттыру сияқты нақты шаралар осы бағыттағы маңызды қадамдар екені сөзсіз. Мәулен Әшімбаев енгізілетін өзгерістер Парламенттің саяси жүйедегі рөлін және оның сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін арттыратынын да атап өтті.

– Парламент сайлауында аралас мажоритарлық-пропорционалды жүйе енгізіледі. Мәжіліс құрамының 30 пайызы кейін бір мандатты округтер бойынша сайлана алады. Бұл депутаттардың өз сайлаушылары алдындағы жеке жауапкершілігін арттырады. Сайлаушылар үшін сайлау алдындағы үзделерін орындамаған депутатты кері қайтарып алу мүмкіндігі туады. Сенат нағыз өңірлердің мүдделерін қорғайтын Палатаға айналуға тиіс. Қолға алынған өзгерістерге байланысты Сенаттың өкілеттігі кеңейтіледі. Палата ел Президентінің Конституциялық соттың және Жоғары Сот кеңесінің төрағаларын тағайындауына келісім береді, – деді Мәулен Әшімбаев.

Референдумға қатысып, дауыс беру аса маңызды

Мәулен Әшімбаев Ата Заңға енгізу үшін ұсынылған өзгерістер саяси бәсекелестікті күшейтуге және билік монополиясын жоюға арналғанын да тілге тиек етті. Мысалы, Мемлекет басшысы өз өкілеттігін атқару кезінде саяси партиядан шығуға міндетті болады. Осылайша ел Президентінің барлық саяси партияларға қатысты теңдеседі. Бұл норма Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның және Конституциялық соттың төрағалары мен мүшелеріне, сондай-ақ, бүкіл сот жүйесіне қатысты қолданылады. Әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында лауазым иеленуіне заңмен тыйым салынады.

– Осындай кешенді түзетулер теңгерімді, ашық және бәсекеге қабілетті саяси жүйе қалыптастыруға



жол ашады. Бұл конституциялық өзгерістер реформа жасау керек болғасын ғана жүргізіліп жатқан реформа емес. Шын мәнінде, бүгінгі конституциялық өзгерістер жаңа Қазақстанды құқықтық, демократиялық, әділетті мемлекет ретінде құруға бағытталған. Сондай-ақ, бұл реформа заң үстемдігі салтанат құрған және адам құқықтары мүлтіксіз қорғалатын мемлекет қалыптастыруды көздейді. Сонда ғана тәуелсіз Қазақстанның қарқынды және тұрақты дамуы қамтамасыз етілетіні сөзсіз, – деді Сенат Төрағасы.

Мәулен Әшімбаев еліміздің әр азаматының 5 маусым күні референдумға қатысып, жаңа Қазақстан үшін дауыс беруі аса маңызды екеніне назар аударды.

Зиялы қауым өкілдерімен кездесу

Алматыдағы Достық үйінде өткен зиялы қауым өкілдерімен кездесуді ҚР Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Бейбіт Исабаев жүргізіп отырды. Жүздесуге Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, сенаторлар Бақытжан Жұмағұлов пен Нұртөре Жүсіп қатысты.

Сенат спикері Мәулен Әшімбаев бүгінгі өзекті мәселелер жөнінде ой өрбітіп, 5 маусымда өтетін жалпыхалықтық референдумда Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың маңызына тоқталды, олардың ел дамуына әсері жайлы әңгімеледі. «Бұл өзгерістердің бәрі Қазақстанды демократиялық, құқықтық, әділетті, әлеуметтік мемлекет ретінде нығайтуға арналған. Осы бағыттағы жұмыстар Конституцияға өзгерістер енгізумен шектелмейді. Саяси жүйемізді реформалау кезең кезеңімен жалғаса береді. Соның аясында жыл соңына дейін біраз заңдар қабылданады. Осындай маңызды өзгерістерден зиялы қауым өкілдері де қалыс қалмағаны жөн», – деді Мәулен Әшімбаев.

Әдебиет пен өнер саласының қайраткерлері – Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыежанов, танымал театр және кино актері Болат Әбділманов, танымал әнші Жанар Айжанова, белгілі ақын Жүрсін Ерман, айтыскер ақын Ринат Зайытов, жыршы Ұлжан Байбосынова, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова және тағы басқалар өздерін толғандыратын мәселелер жөнінде пікірлерін білдірді, әлеумет көкейінде жүрген өзекті ойлармен бөлісті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Әділетті Қазақстан құруға мүмкіндік аламыз



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы «Референдум – ауқымды реформалардың бастауы» деген тақырыпта «Дөңгелек үстел» отырысын өткізді.

Кездесуді ҚР Парламенті Сенатының депутаты, «Ауыл» ХДПП төрағасы Әли Бектаев құттықтау сөзбен ашты. Іс-шараға аграрлық ғылым өкілдері – «Қазақ мал шаруашылығы және жем-шөп өндірісі ҒЗИ» ЖШС, «Агроинженерия ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС, «Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі

ҒЗИ» ЖШС, «АӨК және ААД экономикасы ҚазҒЗИ» ЖШС, «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС, «У.Успанов атындағы Топырақтану және агрохимия Қазақ ғылыми-зерттеу институты» ЖШС және басқа да ғылыми мекемелердің басшылары мен қызметкерлері қатысты.

Жиын барысында «Ауыл» ХДПП төрағасы Әли Әбдікәрімұлы ауыл шаруашылығы бүкіл елдің азық-түлік қауіпсіздігіне жауап беретін экономиканың өмірлік маңызды салаларының бірі болып табылатынын атап өтті.

Жиынға қатысушылар ҚР Конституциясына енгізу жоспарланған барлық толықтырулар мен түзетулерді оң қабылдады. Әли Бектаев кездесу жұмысын: «Егер референдумда дауыс берушілер осы өзгерістерді қолдаса, онда біз Президент айтқан жаңа, әділетті Қазақстан құруға мүмкіндік аламыз. Бұл – ел дамуы үшін маңызды қадам», – деп түйіндеді.

Насихаттық материал «Ауыл» партиясының Алматы қалалық филиалының тапсырысы бойынша «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы заңының 7-бабы 2-тармағына сәйкес шығарылды. Жауапты тұлға – Хасенов Махамбет Кабулқайырұлы. Басылым атауы «Almaty aqshamy». Бейсенбілік таралым – 7413 дана. «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды.

ЖИЫН

Қазақстанның қалыптасуы үшін маңызы зор



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазақстан халық партиясының төрағасы Ермұхамет Ертісбаев Алматыға жұмыс сапарымен келді.

ҰКП басшысының жұмыс кестесіндегі бірінші оқиға алматылық партияластармен кездесу болды. Е.Ертісбаев баяндамасының негізгі тақырыбы 5 маусымда өтетін Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдум болды.

– Кеше Қазақстан халық партиясы он сағаттық онлайн марафон ұйымдастырды. Бұл – біздің партия-

ның референдумды қолдауға қосқан үлесі еді. Осы айда біз ұсынған өзгерістер мен толықтырулардың мәнін түсіндіріп, жан-жақты жұмыс жасадық. Өңірлерді аралап, халықпен кездесулер өткіздік. Сұрақтарға жауап бердік, бұқаралық ақпарат құралдарында, галамтор сайттарында сөз сөйледік. Конституциялық реформа мен референдумды жалпыхалықтық қолдау маңызды екенін айтқым келеді, – деді Е.Ертісбаев.

ҚКП мүшелері Конституцияға енгізілген барлық өзгерістердің еліміз үшін, Жаңа Қазақстанның қалыптасуы үшін маңызы зор деген бірауыздан пікір білдіріп, партия басшысының сөзін қуаттады.

Кездесуде Е.Ертісбаев ҚКП-ның жаңа мүшелеріне партия билеттерін өзі табыстап, олардың партияның нығаюы мен дамуына үлес қосады деген сенімін білдірді.

Насихаттық материал Қазақстан халық партиясының Алматы қалалық филиалының тапсырысы бойынша «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы заңының 7-бабы 2-тармағына сәйкес шығарылды. Жауапты тұлға – Алибек Түлегенұлы Шапенов. Басылым атауы «Almaty aqshamy». Бейсенбілік таралым – 7413 дана. «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды.

ПІКІРСАЙЫС

Алматы жастары алдағы референдумды пікірсайыс арқылы талқылады.



Досбол
АТАЖАН

«Тұран» университетінде Конституцияға енгізілетін түзетулерге байланысты азаматтардың өмірінің өзгерісін түсіндіру мәселелеріне арналған «Конституция бойынша азаматтардың өмірі» тақырыбында пікірсайыс өтті. Пікірталас ЖОО қабырғасында офлайн форматта және онлайн форматта болды.

– Университетіміздің белсенді жастары өз бастамасымен референдумды талқылау үшін пікірсайыс өткізуде. Негізгі тақырып – «Конституция бойынша азаматтардың өмірі». Пікірталас ЛД (Линкольн-Дуглас) форматында



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСЫН

өтті. Яғни студенттеріміз бір-бірден екі тарапқа бөлініп, референдумнан кейін Қазақстан азаматтары өмірлерінің өзгерісі туралы ойларымен бөлісті, – деді Жастар ісі жөніндегі комитет басшысы Мансұр Әлімов.

Пікірсайыстан кейін айтылған ойлар «Дөңгелек үстел» басында талқыланды. Жалпы, шараға ЖОО-

ның ең белсенді студенттері мен ішкі ұйымдардың басшылары қатысты.

– Референдум – бұл жаңа өмірге қадам. Бүгінгі «Дөңгелек үстел» мен пікірталас барысында студенттеріміз осындай ойға келді. Сондай-ақ, 5 маусым күні бәрінің дауыс беріп, бұл маңызды мемлекеттік бастаманы қолдайтындарын айтты, – деді Мансұр Әлімов.

ЖИЫН

Дауыс беруге бар жағдай жасалған



Динара
МҰРАТ

Жалпыхалықтық референдум күніне бірер күн ғана қалды. Алайда, алматылықтар арасында түсіндіру жұмыстары тоқтатылған жоқ. Студент-жастардан бастап, жасы жеткен қарияға дейін қамтылуда.

Сондай бір жиын басына Н.Саң атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры ұжымы жиналды. 50-ден астам адамның басын қосқан шарада спикер ретінде мәслихат депутаты Әлібек Шапенов сөз сөйледі.

«Бізге референдум не үшін қажет? Біріншіден, өзіңнің отбасың, туып-өскен қалаң мен жалпы мемлекеттің өміріне азамат ретінде атсалысу үшін.

Бәзбіреулерге бұл маңызды болмауы керек, бірақ елдің саяси тіршілігі болашақта сенің өміріңе үлкен әсер етуі мүмкін. Оны бүгінгі халықаралық геосаяси ахуалдан-ақ көріп отырмыз. Сондықтан әр адамның дауысы, демократияға қарай басқан адымы маңызды!», – деді мәслихат депутаты.

Осылайша депутат әр қазақстандықтың тандауы маңызды екенін атап өтіп, жиналған қауымды, алматылықтарды дауыс беруге шақырды.

«Бәрін қорытындылай келе айтарым, әр қазақстандықты, әсіресе, тарихтан белсенділігімен танылған алматылықтарды өз сайлау учаскесіне барып, дауыс беруге шақырамын», – деп қорытындылады Ә.Шапенов.

P.S. Алматылықтар үйінен шықпай-ақ өз сайлау учаскесін біле алады. Ол үшін paralmaty.kz сайтына кіріп, ЖСН-ді терсеңіз болғаны.

#КОНСТИТУЦИЯ2022

5 МАУСЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ	КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ өзгерістердің АЙҚЫН 10 көрінісі	
	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
6-бап 3-т.	3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады.	3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.
15-бап 2-т.	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ өлім жазасы заңмен белгіленеді.	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.
43-бап	Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ.	3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде саяси партияда болмауға тиіс. 4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ.
46-бап 4-т.	4. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.	4. Алынып тасталсын.
50-бап 3-т.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 107 депутаттан тұрады.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыхалықтық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайнатын 98 депутаттан тұрады.

	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
VI бөлім 72-бап	Конституциялық кеңес	Конституциялық СОТ
83-1-бап ЖАҢА	Қолданыстағы редакцияда мұндай институт жоқ	3. Конституциялық сот азаматтардың өтініштері бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.
87-бап 4, 5-т.	4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.	1. Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Республика Президенті дауыс беру өткізілетін кемінде екі кандидатура ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар депутаттарының көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі.
91-бап 2-т.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ, Тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы мәртебесі өзгермейді.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады. Осылайша Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады.



БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ



Тегін экскурсиялар

«Бізде көбінесе Хайуанаттар бағына жалпы шолуға тапсырыс беріледі. Экскурсия барысында жануалар жайлы: туған мекені, өмір сүру салты, есімдері сынды ақпараттармен бөлісіп, өзге де сұрақтарға жауап береміз», – деді бөлім басшысы.

Жалпы шолудан бөлек, кішкентай бүлдіршіндерге арнайы, жасөспірімдерге бейімделген, үлкендерге терендетілген экскурсиялар жүргізіледі. Балапандарға жануарлар әлемі ертегі әлемімен сабақтастырылып түсіндірілсе, оқушыларға мектеп бағдарламасына сай ақпарат беріледі. Одан бөлек, экскурсиялар қызығушылықтарға қарай бөлінеді. Мысалы, Қызыл кітапқа енген жануарлар, жорғалаушылар немесе құстар тіршілігіне арналған шолулар бар. Барлығы келушінің қалауына қарай жүргізіледі.

Маманның мәліметіне сәйкес, экскурсия екі тілде үш экскурсия жүргізушілерінің көмегімен жүргізіледі. Ең бастысы, уақыттан шектеу жоқ. Қалаған мерзімде, өзің таңдаған уақыт аралығында өткізіледі екен. Экскурсия ұзақтығы – орта есеппен 1,5–2 сағат.

Қызығушылық білдірген кез келген адам кассаға барып, экскурсияға тапсырыс бере алады.



Бес мыңнан астам жануардың панасына айналған Алматы зообағында Балаларды қорғау күні ерекше аталып өтілді. Мерекеге орай Хайуанаттар бағы тегін экскурсия ұйымдастырды. Экскурсия қалай өтті және оның мән-маңызы жайында толық ақпаратпен Алматы хайуанаттар бағын дамыту және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Ақжам Рахимова таныстырды.

Марафон

Халықаралық балаларды қорғау күні, Балалар жылы, есірткіге қарсы шараларға және Қазақстан полициясының 30 жылдығына орай «Динамо» стадионында әскери-спорт мерекесі өтті.

«Жас Динамо марафоны» Алматы қаласының әскери және құқық қорғау органдарының, күштік және басқа да арнайы құрылымдары қызметкерлерінің балаларын, кадет сыныптарының, әскери-патриоттық клубтардың, «Жас Динамо» спорт секцияларының, оның ішінде демеуші балалар үйлерінің, мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін, ювеналдық полицияның профилактикалық есебінде тұрған кемелетке толмаған балаларды жинады. Сондай-ақ, жарысқа, қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан полиция қызметкерлерінің балалары да қатысты», – дейді «Динамо» дене шынықтыру және спорт қоғамы орталық кеңесі төрағасының орынбасары Асқар Омарқұлов.

Балаларға базарлық



Ғажайып әлем

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Үлкен залында Б.Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласының Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Балалық шақтың ғажайып әлемі» атты концерт ұйымдастырылды. Іс-шара Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Қандай сұлу дүние» әнімен шымылдығын ашты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет. «Балалар үйірмесі» қызметін қайта қалпына келтірген жөн», – деп атап өткен болатын. Осы тұжырымдама бойынша Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы «Хор вокалы» үйірмесін ұйымдастыруды қолға алды. Бұл үйірмеге дауыс ерекшелігіне қарай әртүрлі топтарға 7–14 жас аралығындағы мектеп оқушылары қатысты.

«Мерекелік шараға ең әдемі, сүйкімді балақайларымызды

М.Ганди саябағында балалар күніне орай «Кітап әлеміндегі – бақытты балалық шақ» атты іс-шара өтті.

Мерекелік шара Алмалы ауданы әкімдігінің қолдауымен Халықаралық балаларды қорғау күнінде қала тұрғындарының, оның ішінде бүлдіршіндердің көңіл күйін көтеріп, қала ішін көркейту мақсатында жасалды.

– Бүгін мерекелік бағдарлама негізінде М.Ганди саябағында ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар ойнатылды. Сондай-ақ, шебер қолдар үйірмесі болды. «Жарқын жаз» бағдарламасы аясында суретшілер сайысы өтті. Іс-шара аясында балалар өз өнерлерін көрсете алды. Домбырада ойнап, ән-күйлерімен көпшілікті тәнті етті, – деді №4 кітапхана бөлімшесінің қызметкері Толқын Құрамысова.

Ұйымдастырушылар шара аясындағы жарыстардың жеңімпаздарына әртүрлі сыйлықтар беріп, одан бөлек барлық бүлдіршіндерге қызықты кітаптар сыйлады. Саябақ аумағындағы жарыса жүгірген балалар мен жүздері жарқыраған ата-аналар мерекелік көңіл күйде жүрді.



алы Музыкаға талабы бар жастарды хор өнеріне баулу мақсатында жоспарланған бұл жоба – Орта Азиядағы алғашқы және ең ірі хор ұжымы Б.Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласының білікті мамандарынан тәлім алып, халық әндерін үйренумен қатар, хор жанрының қыр-сырымен жан-жақты таныстыру арқылы жастардың мәдениет пен өнерге деген ынтасын оятып, олардың рухани дамуына ықпал етуді көздейді.

РЕФЕРЕНДУМ–2022

ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДАУЫС БЕРЕМІЗ!



Сайлау СОЛТАНҚҰЛОВ,
Көктал ауылы ақсақалдар
алқасының төрағасы:

Қазақстан өз дамуының жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр. Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығында тепе-теңдікті күшейту арқылы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, елді одан әрі демократияландыру арқылы ашық әрі әділетті қоғам орнату, экономиканы дамыту және ұлттық байлықтың игілігін барлық азаматтар пайдаланатындай жетілген әлеуметтік-экономикалық жүйе қалыптастыру, ал ең бастысы, келер ұрпаққа өркениетті, іргесі берік, заманауи әрі озық мемлекетті мұра етіп қалдыру сынды ауқымды міндеттер тұр. Міне, саяси жүйеде жүргізілетін сол реформаларға берік құқықтық негіз жасау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясының 33 бабына 56 өзгеріс енгізілгені отыр. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдум – еліміздің келешегін айқындайтын маңызды шара. Онда қабылданатын шешім әрбір азаматтың өміріне, тұрмыс сапасына және өзі мен ұрпағының келешегіне ықпал етері сөзсіз. Сондықтан барлық азаматтарды 5 маусым күні ететін осынау тарихи шарадан шет қалмай, саналы түрде таңдау жасауға шақырамын!



Асель РУЗИБАЙҚЫЗЫ, студент:

Референдум өз уақытында қабылданды. Халық қуана қолдауда. Мемлекеттік Тілге басты басымдылық, ұлттық қауіпсіздіктің қорғалуына назар аударып, ұлттық өркениеттің Жаңа Қазақстанның ел сенімінен шығатын Заң болады деп сенім артамыз. Мен Президент ұсынған референдумға өзгерістер енгізу туралы шешімін қолдаймын. Естеріңізде болса, 1995 жылы қараша айында Қазақстанда «Республикалық референдум туралы» конституциялық заң қабылданған болатын. Содан бері елде конституциялық түзетулерге қатысты халықтық референдум ұйымдастырылған жоқ. Ал референдум демократияның маңызды институты болып табылатыны әу бастан-ақ белгілі. Себебі, ондай шара кезінде, мемлекеттік маңызы бар мәселелерге қатысты тікелей бұқара халықтың пікірі міндетті түрде ескеріледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев алдағы конституциялық өзгерістер бойынша референдум өткізуді ұсынды. Жаңа Қазақстан Заңдарына да өзгерістер жаңаша толықтырылуы керек.

Сауалнаманы жүргізген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ»

Жақсылық жасағандар марапатталды



Алматы қаласының іскер әйелдер қауымдастығы Нұрсұлтан Назарбаев қорымен бірлесіп және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Төртінші республикалық «Қайырымдылық керуені» байқауының жеңімпаздары мен қатысушыларын марапаттады.

Жоба Қазақстандағы қайырымдылық идеяларын және белсенді азаматтық бастаманы насихаттау мақсатында ұйымдастырылған болатын. Байқауға өтінімдер 7 номинация бойынша қабылданды («Асар», «Туған жер», «Батыл жүрек», «Мейірім жолында», «Қайырымдылық тарихы» және «Бала жүрегі») және барлық қаладан 50 қатысушы қамтылды.

Республикалық конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес Алматы қаласынан екі үміткер – «Туған жер» номинациясында Арай Төлемісова мен «Батыл жүрек» номинациясында Дәурен Рымқұлов жеңімпаз атанып, лайықты марапаттарға ие болды.

Сондай-ақ, шара барысында байқауға қатысқан барлық алматылық қатысушылар марапатталды. Атап айтқанда, «Қайырымдылық тарихы» номинациясында бұқаралық ақпарат құралдарында қайырымдылық тақырыбын жақсы көрсеткендері үшін және қоғамның назарын әлеуметтік мәселелерге аударатын материалдарды орналастырғандары үшін Бақытжан Бұқарбай, Гүлмира Әбіқай, Ольга Гумирова арнайы марапаттарға ие болды. Сондай-ақ, «Мейірім жолында» номинациясы бойынша біраз уақыт көлемінде қайырымдылық жолында қайтарымсыз көмек көрсетіп келе жатқан 30-ға жуық тұлға мен жеке ұйымдарға Алғыс хат берілді.



МӘСЕЛЕ

ҰЛТ ТУЫ, ҰЛТ ТАҢБАСЫ, ҰЛТ ҰРАНЫ

Биыл Мемлекеттік рәміздеріміздің қабылданғанына – 30 жыл толып отыр. Рәміз дегеніміз – ұлттың бірегей таңбасы – Елтаңбасы, төбесіне көтерер тұтастық байрағы – Туы, әр қазаққа ортақ әнұраны – Гимні.

Бұл – бір ұлт, бір мемлекет екенімізді сипаттайтын басты құндылықтарымыз. Мемлекеттік рәміздер – ұлт келбеті, әр қазақтың рухы. Бұл рух күн сәулесі сияқты әр сәбидің түйсігіне түсіп, әр жастың жүрегіне жетіп, әр азаматтың санасына мықтап орнығуы керек. Сол үшін де ұлт рәміздерін сүю, оны ұлықтау – ұлттық дамуымыздың, заманауи өркендеуіміздің басым бағыты болуы тиіс.

Ұлттық нышандарымыз ұлттың өткенін, бүгінін, болашағын белгілейтін және аумақтық ауқымын айқындайтын – соның бәрін бір сәтте көз алдыға әкелетін айрықша құбылыс.

Рәміздер күнін мерекелеудің арнайы бағдарламасы, болашақ ұрпақты отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеуге бағдарланған шығармашылық-жасампаздық идеясы болғаны абзал. Бұл шаралар науқаншыл бағдарламаларға, қайталауларға құрылмауы керек.

Бүгінгідей күрделі геосаяси кезеңде ұлттық санаға, мемлекеттік көзқарасқа, отансүйгіштік сезімге, көңіл күйге басымдық берілгені жөн. Ортақ Отан ұғымын орнықтыру мақсаты ең басты басымдыққа айналуы қажет. Елтаңбамыз айдарланып алдыға келгенде, Көк Туымыз желбіреп көкке көтерілгенде, Әнұранымыз айналаны рухқа бөлеп, шырқалғанда әр қазақ өзін дербес мемлекет құрушы ұлттың өкілі екенін сезіне алатындай, өрлік пен ерлікке жігерленетіндей, көңілін мақтаныш кернеп, қанағат пен жауапкершіліктің шыңына көтерілетіндей биікке жетуі тиіс. Отан-Анаға деген махаббаттың, қамқорлықтың, сүйіспеншіліктің өзі де, ұлттың ұлықтаудың, мемлекетінді аялаудың қайнар көзі де дәл осы сезімдер.

Ұлт Туы, Елтаңбасы, Әнұраны – әр азаматты жауапкершілікке, жасампаздыққа, еңбекке, ерлікке, жанқиярлыққа, болашақ алдындағы борыштылыққа құлшынтуы, жігерлендіруі керек.

*Ұлт туы,
Ұлт таңбасы,
Ұлт ұраны,
Сен десем жан толқытар жыр туады.
Кең байтақ Отанымның әр түкпірі,
Бүп-бүтін көз алдымда құлтырады.*

*Кеудеңде тағып алған құйттай ғана,
Біздің ұлттың таңбасы, ұлт байрағы.
Біздің азат Отанның жарқын жүзі,
Қаныңды тасытатын рух қайрағы.*

*Ұлт туын, Ұлт ұранын, Ұлт таңбасын,
Көтерген көк аспаны бұлттанбасын!
Байтақ ел әр сүйеміз жаннан қымбат,
Өмірде еш белгі жоқ ұлттан басым.*

*Ұлт үні, ұлт таңбасы, ұлт байрағы –
Қаныңды тасытатын рух қайрағы.*

Сонымен, Рәміздер күнін мерекелеудің арнайы бағдарламасын жасау қажет дедік. Шараның басты мақсаты – халықты, әсіресе жастарды жалпы ұлттық ауқымда Отанды сүюге, оны тануға, мемлекет рәміздерін қасиет тұтуға баулу болу керек.

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ, ақын.

БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Мемлекеттік Әнұранның да үлкен-кішінің бойын шымырлатып әкететін сиқыры бар

Биыл мемлекеттік рәміздеріміздің қабылданғанына 30 жыл толады. Бұл – азаттығымызды айшықтап, елдігімізді танытатын басты нышандар мен мақтаныш ететін ең жоғары құндылығымыз. Сондай-ақ, рәміздер елдің, қоғамның бірлігін қамтамасыз етіп, нығайта түсетін зор әлеуетке ие.



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

ДӘУІР ТЫНЫСЫ

Мемлекеттік Әнұран – еліміздің әдеби-сазды төлқұжаты. Оның сазы мен сөзінің өзара әдемі үйлесім тауып тұрғандығы соншалық, алғашқы нотасы орындала бастағаннан-ақ жұдырықтай жүрегіміздің кеудемізге сыймастай өзгеше соғып, лүпілдеп ала жөнелетіні бар. Демек, өлең де адамды патриоттыққа тәрбиелейтін күдіретке ие.

Гректің «gimno» сөзінен шыққан «гимн» термині «салтанатты ән» деген мағынаны білдіреді екен. Әнұран қашан да дәуір рухынан, тынысынан туады. Тәуелсіз Қазақстан тарихында еліміздің мемлекеттік Әнұраны екі рет – 1992 және 2006 жылдары бекітілді.

Алдымен сәл шегініс. Сонау 1943 жылы Кеңес билігі құрамындағы одақтас республикалардың өз әнұраны болуы керек деген қаулы шығарғанда, Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының мемлекеттік әнұранын жазуға байқау жарияланған еді. Оның нәтижесінде соңғы нұсқа ретінде Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский мен Латиф Хамидидің әуеніне жазылған Әбділда Тәжібаев, Қайым Мұқамедханов, Ғабит Мүсіреповтің мәтіні қабылданады. (Кейбір деректерге сүйенсек, алғашқы Әнұран мәтінінің толыққанды авторы Қайым Мұхамедханов екені айтылған). 1992 жылға дейін сол Әнұран шырқалған.

МӘТІНІ ӨЗГЕРГЕНМЕН, ӘУЕНІ ҚАЛДЫ

Кеңес Одағы күйрегеннен кейін өз алдына отау құрған Тәуелсіз Қазақстанның егемендігі мен зайырлығын бейнелейтін жана өз әнұранын әзірлеу қажет болады. Соған орай, 1992 жылы еліміздің әнұранының мәтіні мен әніне байқау жарияланады. Жалпы, байқауға 750 жоба келіп түседі. Нәтижесінде әнұран сайысының жеңімпазы деп Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза-Әлі, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаеваның бірлесіп жазған туындысы – Қазақстан Республикасының Әнұранының мәтіні танылған. Әнұранның тек мәтіні өзгереді, ал әні алғашқы күйінде қалады. Себебі,

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

*Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!*

Қайырмасы

*Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!*

*Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!*

Қайырмасы

*Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!*

еліміздің әдеби-сазды төлқұжатын талқыға салған қоғам белсенділері сол мелодияны қалың көпшілікке бұрыннан таныс, жүрекке жақын деп шешкен.

Уақыт өте келе, қоғам белсенділері сол 1992 жылы қабылданған мәтіннің жаттауға тым қиын, ауыр екенін алға тартып, мәселе етіп көтеріп, мемлекеттік деңгейге шығарады. 2000 жылы қызу талқыланды әнұран мәтінін Парламент депутаттары да күн тәртібінде қарайды. Олар тіпті, кейбір мектеп оқушыларының әнұран жолдарын екі жылда толық жаттай алмағанын мәлімдеген.

РУХ БЕРЕТІН ӨЗГЕШЕ САЗ

Сөйтіп, мемлекеттік жаңа Әнұранымыз 2006 жылы қабылданды. Оның негізгі ретінде халықтың арасында кеңінен танымал «Менің Қазақстаным» патриоттық әні таңдап алынады. Ол әнді әйгілі Шәмші Қалдаяқов 1956 жылы Жүмекен Нәжімеденовтің сөзіне жазған болатын.

Естеліктерге сүйенсек, Шәмші Қалдаяқовтың бұл әнді шығаруына кеңестік үкіметтің солақай саясаты себепкер болған көрінеді. Өткен ғасырдың 50-жылдарының орта тұсында Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстары жүргенін тарихтан білеміз. Жұмыс күші керек болып, сол кездегі КСРО республикаларынан қоныс аударушылар қарқынының үдеген шағы. Кеңес билігінің тізгінін ұстап отырғандар сол саясат арқылы Қазақстанның тың даласын, яғни солтүстік облыстарды Ресей тарапына қосу пиғылын жасырын жүргізе бастады дейді сарапшылар.

Ұлы сазгердің өзі бұл жөнінде: «Ол тұс Ақмоланы «Целиноград» атап, сол жақтағы бес облысты бір өлке етіп, оны Ресей жаққа бермекші болып жүрген кез еді. Осының алдында ғана Оңтүстік Қазақстанның нағыз қазақи үш ауданы Өзбекстанға берілген болатын. Қазақ жері осылайша бөлшектелгені жатқанда, оның асқақтығын жырлайтын Әнұран қажеттігін сездім. «Менің Қазақстаным» солай туды. Өлеңін Жүмекен Нәжімеденов жазды. Әнді радиоға Жамал Омарова жаздырды да, ол ән біздің өтінішіміз бойынша күніне бірнеше рет беріліп тұрды. Бұл менің қасиетті қазақ жерін бөлшектеуге білдірген қарсылығым еді», – деп айтып кеткен екен.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында жастар алаңға осы әнді ұран етіп айтып шыққанын білеміз. Ешқандай ресми бекітілуісіз-ақ, халықтың өз қалауымен «Менің Қазақстаным» сол күні-ақ Әнұранға айналып шыға келген болатын.

Естеріңізге сала кетейік, бірінші Президент бұл әнге мемлекеттік гимн мәртебесін беру мақсатында және оның анағұрлым салтанатты шырқалуы үшін музыкалық туындының бастапқы мәтінін өңдегені белгілі. Сөйтіп, Қазақстан Парламенті 2006 жылы 6 қаңтарда палаталардың бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы» Жарлыққа тиісті түзету енгізіп, еліміздің жаңа мемлекеттік гимнін бекітті.

Өн бойға ерекше күш-қайрат, рух, жігер беретін ерекше сазды Әнұранымызды балабақшадағы бүлдіршіндерімізге дейін оң қолын жүрегіне қойып алып ап-анық айтып тұрғанда, еріксіз сүйсінесің, қуанасың, болашаққа сеніммен қарайсың.

ӨМІР-ӨНЕГЕ



БАСТАУЫШ БІЛІМ БАҒБАНЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрқашан отандық білім беру жүйесінің үздік үрдісін сақтай отырып, бір орында тоқтап қалмау керек екеніне баса мән беріп отырады. Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – басты мақсат. Осындай – да адамзат өркениетіндегі ең басты құндылықты – білім десек, бақытын білім беру ісінен тауып, педагогика ғылымына зор үлес қосқан Қазына АЙМАҒАМБЕТ-ҚЫЗЫНЫҢ еңбегі ерекше дер едім. Адам бойындағы ізгі қасиеттер туралы сөз қозғағанда, қадірменді ұстаздың алғаш ойға оралары анық.

Осынау жаны ізгі кісінің адами қасиеттері, айналасын шамның жарығы тәрізді өзіне тартатын кеңпейілділігі еске түседі. Еңбек жолын 1960–1980 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы білім беру академиясынан бастап, Алматыдағы №2 мектеп-интернатында мұғалімдік қызметпен қатар ұштастырған еңбекқор жанның білімі жоғары бағаланды. Соның айқын дәлелі – қазақ қыздарының кара шаңырағы атанған Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ғасырға жуық уақыт еңбек етіп, ұлт болашағының дамуына қосқан үлесі дер едім.

Қазына Аймағамбетова 1968 жылдан бастап ең алғашқы қазақ тілінде шыққан 2-сыныпқа арналған «Табиғаттану» оқулығының авторы екені баршаға мәлім. Сонымен қатар, «Табиғаттану», «Дүниетану», «Айналамен таныстыру», «Қоршаған орта», т.б. аттармен жарық көрген 1–4-сыныптарға арналған жаңа буын оқулықтары жарты ғасырға жуық уақыттан бері еліміздің барлық мектептерінде қолданылып келеді.

Тәжірибелі маман 1970 жылы Ташкент қаласындағы Низами атындағы педагогикалық институттың Диссертация қорғау кеңесінде «Бастауыш сыныптарда Қазақстанның тірі табиғатын оқыту» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ал 1997 жылы «Бастауыш сыныптағы дүниетануды оқытудың теориялық және әдістемелік негізі» тақы-

рыбындағы докторлық диссертациясын Абай атындағы ұлттық педагогикалық институтының Диссертациялық кеңесінде қорғап шықты. Ғылыми зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты – бастауыш буында білім берудің әдістемесін және оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін жетілдіру; жоғары білім берудің әдістемесін жасау; студенттерге арналған оқулықтар мен көмекші оқу құралдарын жасап, жасөспірімдерді білім беруге керекті оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету бағытында болды. 1980–1984 жылдары Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Мектепке дейінгі педагогика кафедрасында доцент, 1984–2001 жылдар аралығында 17 жыл бойы Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім факультетінің деканы, 2001–2010 жылдар аралығында Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім кафедрасының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Бүгінде аталған университеттің құрметті профессоры. Ғылыми жұмыстарды жетілдіру мақсатында 2003–2004 оқу жылынан бастап орта білім реформасына байланысты Республика бойынша 12 жылдық мектептің бастауыш сыныптарына арналған «Мемлекеттік міндетті білім стандартын», «Қоршаған дүние» байқау оқулықтарын (1–4-сыныптарға) және оқу-әдістемелік құралдарын дайындау мәселесімен шұғылдану тобының құрамында жұмыс атқарды.

2004 жылы «Бастауышта дүниетануды оқытудың теориялық негіздері» атты монографиялық еңбегі жарық көріп, Қазақстандағы бүкіл бастауыш сынып мамандарын дайындайтын оқу орындарында қолдануға енгізілді. Өз кезегінде Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасы оқытушыларының ғылыми дәрежелерін жыл сайын көтеру мәселесіне тікелей басшылық етуінің нәтижесінде, олардың 90 пайызы ғылыми атаққа ие болып отыр. Сондай-ақ, педагог-әдіскер Қазақстан мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдерімен жиі кездесіп, қажетті мәселелерін шешуге де айтарлықтай үлес қосып отырады. Бастауыш буында білім берудің әдістемесін және оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін жетілдіру, жоғары білім берудің әдістемесін жасау бағытында профессор Қ.Аймағамбетқызының басшылығымен 30 педагогика ғылымының кандидаты, 3 ғылым докторы, бірнеше PhD докторлары дайындалды. Қ.Аймағамбетқызының авторлығымен 2006 жылы студенттерге арналған «Дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы» атты оқулық пен «Дүниетану негіздері және дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы» атты оқу құралы жарық көрді. Бұл оқулықтар мен оқу құралдары да бұрын-соңды ана тілімізде жарияланбаған еңбектер еді. Ғылым мен білімге қосқан зор үлесі үшін Қ.Аймағамбетқызы екі рет «Халық ағарту ісінің үздігі» белгісінің, Ы.Алтынсарин медалінің, «Ғылымға сіңірген еңбегі үшін» белгісінің, КСРО оқу министрлігінің Мақтау грамотасының, «Құрмет» орденінің және 2005 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері. 1998–2011 жылдар аралығында Қазақтың Абай атындағы ұлттық педагогика университетінің математика-биология пәндері әдістемесі бойынша Докторлық қорғау кеңесінің мүшесі болды.

Бүгінгі таңда Қ.Аймағамбетованың авторлығымен 200-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік кешендер, жоғары оқу орындары мен мектепке арналған оқулықтар жарық көрсе, еліміздегі мектептерде бастауыш сыныптарға арнаған оқулықтары мен оқу әдістемелік құралдары 1968 жылдан бері тиімді пайдаланып келеді. Өз бойындағы білімі мен озық тәжірибесін ұлт болашағын тәрбиелеуге арнаған аяулы жанның ғылым мен білімге сіңірген өлшеусіз еңбегін әріптестері де әрдайым жоғары бағалайды.

Динар НӨКЕТАЕВА,
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.

ҰБТ-2022

ҰБТ тапсырмай студент атанады

Мемлекет басшысының Жолдауында берілген тапсырма аясында Білім туралы заңнамаға өзгерістер енгізілді.

Биыл беделді халықаралық пәндік олимпиадалар мен спорттық жарыстардың, әлемдік деңгейдегі шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ҰБТ тапсырмай-ақ студент атанғалы отыр. Білім бәйгесінің жеңімпаздарына ЖОО-ға бейінді бағыттар бойынша грантка түсу мүмкіндігі беріледі.

ЛАГЕРЬ

Жазғы мектеп жұмысы жанданады

Мектеп оқушылары үшін оқу жылы аяқталғанымен, 26 мамырдан бастап жазғы мектеп басталды. Жалпы, жазғы мектептер елімізде былтырдан бастап қолға алынған еді.

Мұндағы басты мақсат – білім сапасын арттырып, әлемдік індет кезінде жіберген олқылықтардың орнын толтыру. Сонымен қатар, оқушының мүмкіншілігіне қарай, кейбір күрделі пәндерді қосымша оқытуға уақыт бөлінеді. Жазғы мектеп жұмысына ата-аналар да қызу қолдау білдіріп отыр. Сондықтан қала мектептерінің 1–8 және 10-сынып оқушыларына ата-аналарының қалауымен жазғы мектепке қатысуларына болады. Ал 9–11-сынып оқушылары 28 мамырдан бастап емтихан сынағын тапсыру басталды. Жазғы мектеп жұмысы 26 мамырдан 17 маусымға дейін жалғасады.

ЕҢБЕККЕ БАУЛУ

Жаңа пән енгізіледі

Еліміздің мектептерінде 1 қыркүйектен бастап жаңа пән енгізілгені отыр.

Оқушылар енді «Еңбекке баулу» деп аталатын пәнді 1-сыныптан бастап оқи бастайтын болды. Сонымен қатар, осы жоба аясында мектептердің жанынан жылыжайлар ашу да қолға алынатын болады. Қазірдің өзінде еліміздегі мектептердің 7 пайызының жанынан жылыжайлар ашылып, өз нәтижесін көрсетіп жатыр. Осы жылыжайларда өтетін «Еңбекке баулу» пәні арқылы оқушылардың еңбекке деген қызығушылығын арттыруға болады. Сонымен қатар, биылғы оқу жылында алғаш рет 7-сыныптан бастап «Педагог-кәсіптік бағдар беруші» маманы оқушыларға мамандық таңдауға бағыт береді.

БРИФИНГ

Балалар демалысы қалай өтеді?

Жазғы кезеңде алматылық оқушыларды жұмыспен қамту бірнеше бағыттар бойынша ұйымдастырылады

Өңірлік коммуникациялар қызметінің орталық алаңында өткен брифингінде қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жұманов мектеп оқушыларының жазғы демалыс уақыты мен оны дұрыс өткізу барысы туралы кеңінен мәлімдеді. Ол жазғы демалыс уақытында балалар мен жасөспірімдерді дамыту, тәрбиелеу және сауықтыру маңызды рөл атқарып, оларға тың серпін беретінін атап өтті.

«Каникул кезінде ұйымдастырылған демалыс – бұл, ең алдымен, олардың әлеуметтік жағынан қорғалуын көрсетеді. Жазғы демалыс кезінде балалардың жарақаттануы, құқық бұзушылық, зиянды әдеттерге жүгіну сияқты қауіп артады», – деген Қайрат Жұманов.

Жаз кезеңінде балалармен көшеде, жолда, суда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қамтып, өрт қауіпсіздігі, балалардың жол-көлік оқиғалары кезінде жарақаттануын, агрессивтілік пен алаңдаушылықты болдырмау үшін, сондай-ақ жазатайым оқиғалар орын алса дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету бойынша педагогтардың жұмысы жалғастырылатынын баяндады. Қаланың барлық мектептерінде жазғы демалыс кезінде балалардың демалысы және еңбекпен қамтылуы ұйымдастырылады.

Бұл шаралардың барлығы ҚР Балалар жылына арналған жазғы демалыс уақытында «Алматы балаларының жазы – үлкен арманға жасалған шағын қадам!» тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асады. Тұжырымдаманың мақсаты – бәсекеге қабілетті тұлғаны дамытудың шығармашылық, спорттық,



көшбасшылық бағдарламаларын іске асыру барысында балаларды жазғы демалыспен және жұмыспен қамтып, ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу.

Мәселен, жазғы кезеңде алматылық оқушыларды жұмыспен қамту бірнеше бағыттар бойынша ұйымдастырылады.

Бірінші – 26 мамырдан 17 маусымға дейін 1–8-сынып оқушылары үшін оқушылардың індет кезіндегі білімінің орнын толтыратын жазғы мектеп жұмыс істейтін болды. Жазғы мектепте оқу сабақтарынан басқа дене шынықтыру сағаттары, қозғалмалы ойындар, флешмобтар өткізу көзделіп отыр. Шамамен мұндай шарамен 30 мыңнан астам оқушы қамтылады.

Екінші – 7–13 жастағы балаларға арналған жазғы мектеп жанындағы лагерь екі нұсқада: күні бойы (тамақпен) және толық емес күнге жоспарланған. Жазғы мектептер – 1 маусымнан 27 тамызға дейін созылады. 26 мыңнан астам бала қамтылады.

Үшінші – мектептерде спорттық секциялар, үйірмелер, студиялар, оқырман клубтары мен мектеп кітапханалары жұмыс істейтін болады. Білім беру ұйымдарында жазғы кезеңде 28 мыңнан астам баланы қамтитын барлығы 1150 үйірме мен секция (бей-

нелеу өнері, мүсіндеу, тоқу, қолданбалы өнер, спорт секциялары) жұмыс істейтін болады.

Төртінші – Алматыда жазда қосымша білім беру ұйымдары (Оқушылар сарайы, алты Оқушылар үйі, 44 жеке қосымша білім беру ұйымдары) жұмыс істейтін болады.

Жазғы демалыс кезеңінде 28 мыңнан астам баланы қамтитын қосымша білім беру ұйымдарында барлығы 1200-ге жуық үйірмелер мен секциялар қолжетімді. Сонымен қатар, алматылық оқушылар каникул кезінде қалалық және қала сыртындағы балалар лагерьлерінде демалатын болады.

Балалардың жазғы демалысы бюджет қаражаты есебінен де, коммерциялық негізде де ұйымдастырылады. Сауықтыру демалысымен бірінші кезекте әлеуметтік осал санаттағы балалар: көпбалалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 33 мыңнан астам бала қамтылады. Қалалық Білім басқармасы басшысы орынбасарының айтуынша, барлық білім беру ұйымдарына ұсынымдар, нұсқаулықтар мен жадынамалары бар нұсқаулық-әдістемелік хаттар жолданды.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

Биыл Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесінің (АӨСШК) бірінші саммитінің өткізілгеніне – 20 жыл толып отыр. 2002 жылы 4 маусымда Алматыда Азия кеңесінің (АӨСШК) бірінші басқосуы болып өтті. Қазіргі кезде орын алып жатқан жағдайларда халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге зор маңыз беріледі. Бұл тек Орталық Азия өңірі үшін ғана емес, барлық дүние-жүзілік қоғамдастық үшін өзекті мәселе. Азиялық континентте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінің саяси шешімі Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін (АӨСШК) шақыру туралы Қазақстанның бастама-сымен байланысты.

Азияның қазіргі әлемдегі ерекше орны оның орасан зор адами және табиғи ресурстарымен, қарқынды экономикалық дамуымен айқындалады. Ежелгі өркениеттер, мәдениеттер мен діндер бесігі ретінде белгілі Азия бүгінгі таңда жалпыәлемдік дамудың қозғаушы күштерінің бірі ретіндегі маңызын қайта қалпына келтіруде. Алайда, Азия бірнеше рет қарулы қақтығыстар мен шиеленістерге әкеліп соққан түрлі-түрлі жанжалдардың түйініне айналды. Мұның өзі, сөз жоқ, жаһандық қауіпсіздікке теріс ықпал етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, осы заманғы проблемаларды шешу мемлекеттердің ұжымдық өзара ықпалдастығы жағдайында ғана мүмкін болады. Еуразиялық кеңістіктегі соңғы оқиғалар жанжалдардың алдын алудың пәрменді тетіктерінің болмауы елеулі салдарларға әкеліп соғуы мүмкін екенін көрсетті. Сондықтан өңірлік қарым-қатынасты реттеу жүйесін дамыту қажеттігі айрықша өзекті.

Қазақстан билігінің Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы 1992 жылғы 5 қазандағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 47-сессиясы мінберінен жасаған бастамасы жоғарыда аталған бағыттағы маңызды қадамдардың бірі болды.

АӨСШК-нің негізгі мақсаты – көпжақты келісімдер негізіндегі ынтымақтастық арқылы Азиядағы бейбітшілік, қауіпсіздік және тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан және АӨСШК үдерісін қолдаған мемлекеттер қауіпсіздіктің осындай құрылымын құру міндетінің төтенше күрделілігін айқын түсінді. Өйткені, Азия – саяси, экономикалық, діни, этникалық және мәдени көріністердің барлық сипаттарында ең бір әртекті құрлық. Ұзаққа созылған тарихи жанжалдарға және қалыптасқан сенімсіздікке байланысты Азияның кейбір өңірлеріндегі шиеленістің жоғары деңгейін ескермеуге болмайтын еді.

• Бүкіл әлемде қызығушылық тудырған форумның тұңғыш саммиті 2002 жылғы 4 маусымда Алматыда өткізілді. Қазақстан, Ресей, Қытай, Пәкістан, Түркия, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан және Ауғанстан басшыларының, Әзербайжан мен Үндістанның премьер-министрлерінің, Иран, Египет, Палестина және Израильдің уәкілетті ресми тұлғаларының, мемлекеттер мен бақылаушы ұйымдар өкілдерінің жоғары деңгейдегі кездесуі болып өтті.

Саммит барысында мемлекеттер мен үкіметтер басшылары Кеңес жұмысының тиімділігін арттыру үшін Кеңеске қажетті құрылымдар мен институттар беру туралы шешім қабылдады және тұрақты кездесулер мен саяси консультацияларды әкімшілік тұрғыдан қолдауды қамтамасыз ету мақсатында АӨСШК Хатшылығын құруды Сыртқы істер

Бүгінде АӨСШК – толық құқықты халықаралық форум мәртебесін иеленген қалыптасқан қауіпсіздік құрылым. Оның жұмысына Азияның 27 мемлекеті қатысады. Бұл – бүкіл планета тұрғындарының жартысы өмір сүріп жатқан барлық құрлық аумағының 90 пайызы деген сөз. Қазіргі таңда АӨСШК-ге мүше елдер аумағының жалпы көлемі 400 млн шаршы шақырымды – Азияның 90 пайызын және Еуразия құрлығы аумағының 72 пайызын құрап отыр. Аталмыш елдерде 2,8 млрд адам өмір сүреді және жер шары халықтарының 45%-ын құрайды.

АӨСШК – ТРАНСӨНІРЛІК ҚҰРЫЛЫМ

Әлем елдерінің қызығушылығын тудырған тұңғыш саммитке – 20 жыл!



министрлеріне тапсырды. Саммиттің қорытындысы бойынша лаңкестікті жою және өркениеттер арасындағы сұхбатқа жәрдемдесу туралы декларация қабылданды.

Кеңесті шақыру туралы бастама көтерілгеннен кейін 10 жыл өткен соң тұңғыш саммиттің жемісті түрде өткізілуі және оның құрылтайшылық құжатына – Алматы актісіне қол қойылуы Азиядағы проблемалар мен жанжалдарды реттеудің ымыралық жолдарын іздестіру мақсатында диалог үшін Кеңестің де-юре форумға айналуына мүмкіндік берді.

2006 жылдың 17 маусымында өткізілген форумның екінші саммиті барысында жан-жақты саяси құжат – II саммит Декларациясы қабылданды, сонымен қатар Кеңестің құрылымын іс жүзінде реттейтін негізгі құжат – АӨСШК Хатшылығы туралы келісімге қол қойылды. Сол күні, жарғылық құжатқа қол қойылысымен, Алматы қаласында АӨСШК Хатшылығы өз жұмысын бастады.

АӨСШК-нің III Саммиті 2010 жылы 7–9 маусымда Ыстамбұл қаласында өтті. Бұл жиында өткен жылдар ішінде Азия Кеңесі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту мәселесі жөніндегі беделді форумға айналып, жалпы өңірлік диалогтың маңызды тетігі ретінде қалыптасқаны атап көрсетілді. 2010 жылы Қазақстан алғаш рет АӨСШК тізгінін Түркияға сеніп тапсырды. Бауырлас бұл мемлекет Қазақ елі жүктеген бұл жауапты миссияны 2014 жылға дейін атқарды.

Азиялық Кеңестің 4-ші Шанхай саммиті 2014 жылы мамырда Шанхай қаласында өтті. Қытай Түркиядан Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесіндегі (АӨСШК) төрағалықты қабылдады.

2018 жылғы 24 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында БҰҰ БА 73-сессиясының алаңында тәжік тарапының бастамасымен Азия Кеңесінің алғашқы Арнайы министрлік кездесуі өтіп, оның барысында Қытай Халық Республикасы (2014–2018 ж.ж.) Тәжікстан Республикасына Форумдағы төрағалығын тапсырды. Кеңеске мүше мемлекеттер Х.Мирзозоданың кандидатурасын, 2016 жылдан бастап Астана қаласында орналасқан АӨСШК Хатшылығының жаңа атқарушы директоры лауазымына бекітті.

2019 жылғы 15 маусымда Тәжікстанның Душанбе қаласында АӨСШК-нің V Саммиті болып өтті. Оның негізгі қорытындылары қатысушылар қабылдаған душанбелік саммит Декларациясында айқындалды.

• АӨСШК-нің V Саммитінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлік қауіпсіздікке қауіп төндіретін қауіп-қатерлерге, идеологиялық және этнодіни қайшылықтарға алаңдаушылық білдірді. Ол азиялық қауіпсіздіктің түйінді мәселелерін шешудің жүйелік және кешендік тәсілдерінің қажеттілігін атап өтіп, ол үшін біртіндеп форумның тиімділігін арттырып, қайта құрып, аймақтық ұйымға айналдыру қажет екендігін атап өтті. 2020 жылы АӨСШК-індегі төрағалық Қазақстанға өтті. АӨСШК-нің халықаралық қоғамдастық тарапынан толық сенімге ие болуының дәлелі ретінде 2007 жылғы желтоқсан айынан бастап Азия кеңесінің БҰҰ Бас ассамблеясы жанында бақылаушы ретінде қабылданғандығын атап өтуге болады. Кеңес Азия құрлығында тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтудың шынайы факторына айналды.



АӨСШК-нің Сенім шаралары бес өлшемді айқындайды, олар: әскери-саяси; жаңа сынақтар мен қауіп-қатерлерге қарсы тұру; экономикалық; экологиялық және гуманитарлық.



Жиырма жылда орасан зор жұмыстар тындырылды, салмақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Біріншіден, АӨСШК Азиядағы мәдениеттері, өркениеттері және даму моделдері әртүрлі мемлекеттердің үлкен бөлігін біріктірді. 20 жыл ішінде бес саммит, министрлер деңгейіндегі бес кездесу өткізілді.

Екіншіден, негіз қалаушы құжаттар әзірленіп, қабылданды. Олар АӨСШК аясындағы ынтымақтастық үшін қажетті саяси және құқықтық іргетасты жасады.

Үшіншіден, форумның институционалдану, яғни құрылымдану кезеңі аяқталды. Хатшылық пен оның жұмыс органдары табысты жұмыс істеуде.

Төртіншіден, АӨСШК қызметінің барлық дерлік бағыттары бойынша тұжырымдамалар мен іс-қимыл жоспарлары қабылданды.

Бесіншіден, оған мүше елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту үшін қажетті негізді қалыптастыру бағытындағы үдеріс жүруде. Іскерлік кеңестің құрылуына жол ашылды, АӨСШК бизнес-форумы ұдайы өткізіледі. Ал алтыншыдан, АӨСШК пен басқа халықаралық және өңірлік ұйымдармен, форумдармен арада байланыстар орнатылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл Азия кеңесінің жұмысына үлкен мән беріп отыр. Соның бір көрінісі жақында ғана АӨСШК хатшылығының атқарушы директоры Қайрат Сарыбайды қабылдады. Мемлекет басшысына АӨСШК хатшылығының қазіргі жұмысы туралы мәлімет берілді. Биылғы жылы 12-13 қазанда Қазақстан астанасында өтетін АӨСШК-нің VI саммитіне дайындық барысына баса маңыз берілді. Кездесуде АӨСШК-ні Азиядағы ынтымақтастық жөніндегі толыққанды халықаралық ұйымға айналдырудың перспективалары талқыланды. Осы маңызды міндетті жүзеге асыру Қазақстан төрағалығының басымдығы екендігі айтылды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев одан бұрын да бұл мәселеге назар аударып, 2020 жылы мамырда «МИР» телеарнасына берген сұхбатында біздің еліміздің халықаралық саясатына қатысты сұрақтарға жауап бере келіп: *«Біз сонау 1992 жылы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыруды ұсындық. Қысқартылған нұсқада біз бұл форумды АӨСШК деп атаймыз. Бүгінгі күні бұл форум қауіпсіздік мәселелерін шешудің ұжымдық тәсілдерін әзірлеу алаңы ретінде өзектілігін дәлелдеген кезде АӨСШК-ні толыққанды ұйымға айналдыруды бастаудың уақыты келді»*, – деп тұжырымдаған болатын.

Бүгінде АӨСШК – әлем халқының үлкен бөлігін қамтитын, трансөңірлік құрылым. АӨСШК – өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бастамасының өмір шындығына айнала алатындығының жарқын мысалы, үлгісі болып табылады. Кеңес Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтудағы бұрынғыдан да маңызды буынға айнауда. Қазақстан өзінің АӨСШК бойынша серіктестерімен бірге аталмыш бағытта қарқынды жұмыс атқаруда.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы.



3 МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ВЕЛОСИПЕД КҮНІ

ТЕГІН ӘРІ ТИІМДІ КӨЛІК

БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған қарар бойынша 2018 жылдан бері 3 маусымда Дүниежүзілік велосипед күні атап өтіледі. Аталмыш қарарды жасауға 56 мемлекет қатысқан. Велосипед күнін жариялау туралы алғашқы ұсынысты Түркіменстан өкілдері көтерген.



Осы орайда, велосипед тарихына көз жүгіртіп өтейік. Жүргізуші куәлігін қажет етпейтін көлік 200 жылдан бері қолданылып келеді. Әлемдегі алғашқы екі дөңгелекті велосипедті Пожвин зауытының жұмысшысы Ефим Михеевич Артамонов ойлап тапты деп саналады. Ол құрылымы өте берік велосипед жасап, онымен Урал қаласынан Санкт-Петербургке дейін (сағатына 10 шақырым жылдамдықпен) І Александрдың тәжі кию рәсіміне барған екен. Өзінің өнертабысын да осы жерде әлемге паш етіпті. Ал әлемдегі велосипед спортының туған күні 1868 жылдың 31 мамыры деп бекітілген. Себебі, бұл күні Париждің Сент-Клу маңындағы саябақ аллеясында жер бетіндегі алғашқы 2000 метрлік веложарыс өткен. Оның жеңімпазы ағылшын велосипедшісі – Джеймс Мур болды.

Екі ғасыр ішінде велосипед талай өзгерістерден өтті: бір дөңгелегі не көбейіп, не азайып отырды, бірде пошташының жүк тасушы көлігі болса, бірде спортшылардың тұлпарына айналды. Бірақ қай кезде де велосипед өзінің негізгі функциясын жоғалтқан жоқ. Бүгінгі күні көптеген

мемлекеттер жүріске жеңіл тұлпардың көлік ретіндегі қызметін барынша оңтайлы пайдаланып келеді. Мысалы, Нидерландының астанасы Амстердам қаласындағы қозғалыстың 40%-ын велосипедшілер құрайды. Сондай-ақ, бұл шаһар Еуропа велосипед астанасы саналады. Қаладағы велосипед жолдарының жалпы ұзындығы 400 шақырымнан асады, ал әр көшенің бұрышында велосипед тұрағы көзге түседі. Велосипедшілердің көптігінен екінші орында Данияның Копенгаген қаласы тұр. Мұнда тұрғындардың 35%-ы екі дөңгелекті көлікті қолданады. Жалпы алғанда, қала бойынша 2000-нан астам жалға беру тұрағы бар.

P.S. Қала әкімдігінің мәліметінше, қазір Алматыда 77,2 шақырым веложол бар және 2024 жылға қарай веложол ұзындығын екі есеге – 190,9 шақырымға дейін көбейту жоспарланған. Бұл алматылықтар үшін жақсы жаңалық. Біз де өз оқырмандарымызды экологиялық таза, қолданыста қарпайым, жүріске қолайлы, тегін әрі тиімді көлік түрін пайдалануға шақырамыз!

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

РАКЕТКА ШЕБЕРЛЕРІ
СЫНҒА ТҮСПЕК

Алматыда үстел теннисінен Азия чемпионатының іріктеу кезеңі өтеді. 2–3 маусым күндері қаламыздың «ADD» үстел теннисі орталығында жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатына Орталық Азия елдерінің іріктеу турнирі өтеді. Айта кеткен жөн, «ADD» үстел теннисі орталығы биыл сәуір айында ғана ашылған.



Жасөспірімдер арасындағы сайысқа Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Иран құрамалары қатысады.

Еліміздің намысын Аслан Құрманғалиев, Искандер Харки, Санжар Жұбанов, Сағантай Құрмамбаев, Сарвиноз Мирка-

дирова, Ангелина Романовская, Анель Бахыт, Алиса Цвигун қорғайды. Жаттықтырушылар құрамында Евгений Тимченко және Самат Бейсенов бар. 2 маусым күні командалық разрядтағы алдын ала ойындар, ал келесі күні командалық жарыс пен жеке есептегі сайыстардың шешуші кезеңдері өтеді.

ВЕЛОАКЦИЯ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

ЖЕЛМЕН ЖАРЫСА ХАБАР ТАРАТЫЛДЫ

Аталмыш акция Алматы қаласының тұрғындарын 5 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша референдум өтетіні туралы хабардар ету, сондай-ақ алматылықтарды жоғарыда аталған іс-шараға қатысуға шақыру мақсатында ұйымдастырылды.

Екі күндік велоакцияның ерекшелігі – қала белсенділері пошташы қызметін атқарды. Яғни жастар, «AlmatyBike» компаниясы ұсынған велосипедті міну арқылы көшеде кезіккен қала тұрғындарына жолығып, атаулы шақырту билетіне олардың есімдерін жазып, шақырту конвертін табыстады.

– Алматы қаласы Жастар

саясатын дамыту мемлекеттік қоры мен Жастар ресурстық орталықтарының белсенділері бір бастамамен өздерінің белсенді азаматтық ұстанымын көрсетіп, қаламыздың әрбір тұрғынын 5 маусым күні өтетін референдумда дауыс беруге шақырды. Біз велоакцияның бірінші күні қаланың орталық аймақтарын, ал екінші күні шеткі аудандарды араладық, – деді Алатау ауданы Жастар ресурстық орталығының жетекшісі Қадырбек Файзуллаев.

Велочеру Абай мен Байтұрсынов көшелерінің қиылысынан басталып, акцияға қатысушылар сегіз бағыт бойынша топ-топқа бөлініп жүріп өтті. Жас белсенділер Абай даңғылы, Байтұрсынов, Төле би, Гоголь, Дос-

тық, Сәтбаев, Тимирязев сынды ірі көшелерде хабар таратты. Атап айтқанда, Бұқар жырау және Әуезов көшелерінен «Атакент» ойын-сауық орталығына, Тимирязев көшесіне әл-Фараби атындағы ҚазуҰУ-ға, Төле би көшесімен 28 Панфиловшылар саябағына, Абай даңғылымен «Москва» ойын-сауық орталығы мен Республика сарайына, Достық көшесімен «Dostyk Plaza» ойын-сауық орталығына, Гоголь көшесімен Орталық саябаққа, Жібек жолы және Панфилов көшелерімен қалалық Арбатқа дейін барды.

Айта кеткен жөн, аталмыш акцияға отыз мың шақырту қағаздары дайындалып, «AlmatyBike» компаниясы 100 велосипед ұсынды.

ӘЛЕМ КУБОГЫ

ҚАЗАҚ МЕРГЕНІ
ҚОЛА АЛДЫ

Қазақстандық мерген Ислам Усейнов мылтықпен оқ атудан Әлем Кубогы кезеңінде қола жүлде жеңіп алды. Бұл күндері Әзербайжан астанасы Бакуде оқ атудан Әлем Кубогы өтуде.



Отандасымыз Ислам Усейнов 10 метрден пневматикалық винтовкадан оқ атудан қола жүлдегер атанды. Жарыс қорытындысы бойынша ол 260,5 ұпай жинап, 3-орынға ие болды.

Айта кеткен жөн, Хорватиядан келген Миран Маричич жарыста үздік нәтижемен жеңіске жетсе, Сербиядан келген Лазар Ковачевич күміс жүлде еншіледі.

ТЕННИС

Жер шарының түрлі бөліктерінде қазақстандық теннисшілер АТР және ИТФ ұйымдарының халықаралық турнирлерінде бақ сынауда.

Италияның Брешия қаласында ITF W60 сериялы турнирде Жібек Құламбаева іріктеу кезеңінің финалына шықты. Алайда, негізгі сетке шығу үшін италяндық Аурора Зандечи жеңе алмады. Оған дейін отандасымыз бразилиялық қарсыласы Ребека Перрераны – 6:2, 2:0 (бас тарту) есебімен жеңген еді. Енді қазақстандық спортшы жұптық жарыста бақ сынауда. Жібек Диана



Марцинкевичпен (Латвия) бірге жұптық разрядындағы бірінші кездесуінде италиялық Мелани Делай мен Ангелика Раггиди жылдам жеңді – 6:1, 6:0. Отандасымыздың келесі қарсыластары Ю Чен Хсиэх (Қытай Тайпэй) мен Ксения Кнолл (Швейцария) болмақ.

АУЫР АТЛЕТИКА

Алматыда 23 жасқа дейінгі жастар арасында ауыр атлетикадан жеке және командалық есептегі Қазақстан чемпионаты жалғасуда. Назарыңызға жарыс күнінің нәтижелерін ұсынамыз.

БАП ПЕН БАҚТЫҢ
СЫНАҒЫ

76 келіге дейінгі салмақта әйелдер арасында қарағандылық Айша Омарова ең үздік нәтиже (93+115) көрсетті. Күміс жүлдеге Ақмола облысының атынан шыққан Виктория Новикова (83+100) лайықты болса, үздік үштікті алматылық спортшы Аружан Көлбай толықтырды.

Қызылорда облысының спортшысы Динара Қыпшақбай (85+110) 81 келіге дейінгі салмақта әйелдер арасынан алтын алды. Екінші нәтиже алматылық Ақерке Байманпқа (70+90) тиесілі. Қола жүлдені ШҚО атлеті Дильназ Бейсекова (51+64) еншіледі.

73 келіге дейінгі салмақта ерлер арасында Қостанай облысынан келген Алексей Чуркиннің (140+175) нәтижесін ешкім қайталай алмады. Бұл салмақтағы екінші нәтижені алматылық Петр Жотов (132+170) көрсетсе, жеңіс тұғырына үшінші болып ШҚО спортшысы Ринат Баширов (121+158) мінді.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ БАРЛЫҚ
ЕЛДЕ ЖҮР

Бейбіт Жұқаев америкалық Литтл-Рокта Челленджер квалификациясының финалына шыққан. Алайда, спортшымыз америкалық Закари Свайдтан ұтылып қалды. Есеп – 2:6, 6:2, 3:6.

Сурбитондағы (Ұлыбритания) Челленджер жарысында екі қазақстандық спортшы өнер көрсетуде. Жарақатына байланысты ұзақ үзілістен кейін Михаил Кукушкин британдық Пол Джубка қарсы алғашқы кездесуін өткізеді. Ал ертең Александр Недовесов пәкістандық Айсам Курешимен бірге алаң иелері Чарльз Брум мен Айдан Макхьюддің жұбын жеңуге тырысады.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Тың деректер айтылды



Досбол
АТАЖАН

ҚР Президентінің Архивінде «1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті.

1920–1950 жылдар біздің халқымыздың тарихындағы ауыр әрі қасіреті көп кезең болды. Ұжымдастыру жұмыстарындағы қателіктер, зорлық-зомбылық халықтың ашуы мен наразылығын туғызды. Қазақ зиялылары, оның ішінде «Алаш» партиясының белсенділері және өзге де жазықсыз жандар қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Айтылған іс-шара осы қасіретті кезеңнің шындығын ашу үшін және XX ғасырдың ортасына дейін Қазақстанда болған саяси қуғын-сүргін тарихын зерделеу мен саралау мақсатында өткізілді.

Аталған іс-шара Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы – мәңгілік тұлға» тарихи-деректі көрмесімен таныстырудан және мемориалдық тактаға гүл шоқтарын қоюдан басталып, кейін көрнекті тұлғалар пікір алмасқан «Дөңгелек үстелге» ұласты. Жиын-

ға Алматы қаласы әкімдігінің қызметкерлері, ҚР Президенті Архивінің қызметкерлері, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қалалық комиссия мүшелері және тарихшылар мен ғалымдар қатысты.

«Дөңгелек үстел» басында сөз бастаған ҚР ҰҒА академигі Хангелді Әбжанов «Қазақстандағы қуғын-сүргін ерекшеліктері мен дәуірлері» атты тақырыпта баяндама оқыды. Профессор Қазақстандағы қуғын-сүргіннің үш кезеңін атап өтті.

– Қазақстандағы қуғын-сүргіннің бірінші кезеңі – 1917–1928 жылдар. Революция мен азамат соғысы жылдарында кімнің ақ, кімнің қызыл екенін қалың көпшілік айырып үлгермеді. Екіншісі – 1929–1953 жылдар. Тоталитарлық зорлық-зомбылықтың, заңсыздықтың шарықтаған тұсы. Үшінші кезеңі – 1954–1991. Адамдардың көзін құрту емес, санасын, менталитетін идеологиямен жасиу алға шықты, – деді Хангелді Әбжанов.

«Тұтқындағы қазақ жауынгерлері және Түркістан легионы» тақырыбында баяндама жасаған Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас қызметкері Қайдар Алдажұманов Ұлы Отан соғысы кезінде тұтқында болып, кейіннен қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ жауынгерлерін ақтау мәселесін қозғады.

– Тұтқыннан КСРО-ға қайтарылғандардың 1945 жылдың соңындағы ақпарат бойынша дерегі: 5 352 963 адам, олардың ішінде 1 825 774 әскери тұтқын болғанда, 3 527 189 адам қарапайым халық (олардың 1 293 095 – ер адамдар, 1 536 650 – әйелдер, 702 444 – балалар). Еліне қайта оралған репатрианттардың 24 448-і қазақтар болды. Олардың түгелі дерлік қайта оралған қуғын-сүргін саясатының құрбаны болып, жазықсыз жазаланды, – деді Қайдар Алдажұманов.

«Дөңгелек үстел» барысында 10-нан астам баяндама жасалып, 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға байланысты өзекті мәселелер көтерілді.

ЕСКЕ АЛУ



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу шарасы өтті.

Іс-шара академия ректоры Азамат Сатыбалды мен Темірбек Жүргенов ұрпақтарының ескерткіші алдына гүл шоқтарын қоюымен басталды. Одан кейін саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, бір минут үнсіздік жарияланды.

Шараға Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Азамат Сатыбалды, Т.Жүргеновтің немере қарындасы Ғалия Битайқызы, Т.Жүргеновтің ұрпағы Сәбит Иманғалиев, Нұр-Сұлтан қаласынан келген қонақтар – №70 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі Жұлдыз Сағындықова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аружан Қалжан, жүргеновтанушы ғалымдар, БАҚ өкілдері және академия ұжымы қатысты.

Қазақтың «үйінде қария болса, жазулы тұрған хатпен тең» дейтіні бекер емес-ті. Сонда сонау ашаршылықты көріп, тұл жетім болғаны, одан біздің ағамыздың тоғызыншы әйелі болып 60 жастағы егде адамға тұрмысқа шығуы, одан алты бала табуы, бағып-қағуы нағыз қайраткерлік екен ғой. Бүгінде шашамызға шаң жұқса, шап ете қаламыз. Заман қай жағына ауған, ә-ә?!

Біз әкеміздің әжесі болғандықтан үлкен екенін ескеріп «Дәу әже» деп кеткенбіз. Құдайға шүкір, осы күні үлкен әулетке айналдық. Менің таңқалғаным, бұрынғы кісілер мықтырақ, қайраттырақ келеді

деген рас екен. Қанша сырқаттанса да, төсек тартып ауырып қалған емес. Ақыл-есі бүтін күйінде дүние салды.

Баламыз ғой, өз ата-әжем жастау-тұғын. Олар Шиеліде тұратын. Анда-санда соларға барып келсем, «жарығым, өзін келіп үйдің іші жарқырап қалды ғой» дейтін. Өйтпесе, екі қарындасым бар ғой. Десе де, ер баланы ерекше көріп отыратын. Үнемі ер-азаматтың қадірлі екенін, олардың бойында ерекше тылсым болатынын, әйел-азаматшалар қадірлеп құрметтеп тұру қажеттігін әрдайым еске салушы еді. Мұның себебін кешегі отарлау кезеңінде, аштықта, Екінші дүниежүзілік соғыста елдімекенде ер кісілердің бәрі соғысқа аттанып, ел тізгіндейтін ерлердің ел басына күн туғанда етігімен су кешкендігін шежіре етіп еске алатын. Сондай ғажайып адам болатын.

Әлі есімде, менің 14 жасымда дүниеден озды. Соған дейін жалғыз ұл болып өстім. Әрқашан «Олжабайыма бір серік болмады-ау, болса есімін Серікбай қояр едім» деп аңсаумен өтті. Мүмкін, әжемнің тілеуі болар, інім кейіндеу туды. Мың тәубе! Бірақ өзінің жары да бір бала болғанын, кейіннен одан бес ұл, бір қыздың қалғанын мақтанышпен еске алатын. Әкем анда-санда малшы ауылға барып қайтса, оралғанда оны «Мұрадыла» деп құшақтап сүйіп, құлді кішкентай баладай жақсы көретін. Өйткені, оның немерелерінің

ішіндегі ең жақын тартатын, өзі тәрбиелеген баласы екен. Кісімен араласу, сынап алатын жерде сынау, шежірені айтқанда таңды таңға ұрып айтатын шежірешілдігі де бар еді. Өзі тік мінез болатын. Онысын тағдыр қалыптастырған болар, кім білсін?!

Дәстүр-салт, қазақшылық, ру-шежіре, сый-қәде, ескі әзіл-қалжың бәрі-бәрінің майын тамызатын. Есепке жүйрік-тұғын. Ал егер кейісе, өңменінен өткізіп жіберетін. Көшеде бір шақырым жердегі кісіні көретін. Көзі өткір, өзі рухты еді. Дүние салардан бір апта бұрын сырқаттанды. Дәу әжемді ағамдар Шиеліге әкетеін деп дайындалуда. Мен қимай жылап тұрмын. Қарындастарым да кимауда. Бізбен қоштасқандай болып, аман-сау, бұзық болмай, тәртіпті хәм тіл алғыш бала болып өсу керек екенімізді айтып, өсиет қалдырды. Үйімізден шығып бара жатқан сәті, әрең таяққа сүйеніп, үстінде қазақы камзолы, көйлегі, басында ақжаулығы тағылған Дәу әжемнің осы бір бейнесі мәңгіге көз алдымда қалды. Мұны еш уақытта ұмытпаймын. Ол кісімен бірге тарих жылжып, тағдырдың тағы бір кемесі көшкендей болды. Сағынамыз, іздейміз. Осындай текті халықтың ұрпағы екенімізге марқаймыз. Мұны біз ешқандай ақын-жазушының кітабынан оқымадық. Бұл – біздің балалық шақта естіген естен кетпес шежіре еді. Біз соның бір парасын ғана шерттік...

МҰРАЖАЙ

ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН КАРТИНАЛАР



Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында сталиндік кезеңде қуғын-сүргінге ұшыраған суретшілердің тағдыры баяндалды. 1931-1932 зұлмат жылдары «Сібір» синониміне айналған Қазақстанға мындаған адам жер аударылды. Олардың қатарында шығармашылық, білім мен ғылым адамдары жетерлік еді.

Динара МҰРАТ

Доцент Талғатбек Сейітханұлының дерегіне сәйкес, соғысқа дейінгі жылдары біздің елге 600 суретші күштеп жеткізілген. Зиялы қауым өкілдеріне түрлі себептермен жала жабылып, олар Карлаг, Алжир сынды лагерлердің құрбанына айналды, тірі қалғандары Қазақстанның қалаларына, соның ішінде Алматыға қоныс тепті. Өмірдің қиын-қыстауынан емді қылқаламнан іздеген суретшілер шығармашылықпен айналысып қана қоймай, Қазақстандағы өнер мектептерінің негізін қалады десек те болады.

«Тұтқындағы өнер» дәрісі барысында қуғынға ұшыраған кейбір суретшілердің тағдырынан Ә.Қастеев атындағы МӨМ жетекші ғылыми қызметкер, өнертанушы Әмір Жадібәев сыр шертті.

МЫН ӨЛШ, МЫН ТІРІЛГЕН

Өнертанушы сөз басында қудаланған суретшілердің дені Қазақстанға келерге дейін орнын тапқан, халық мойындаған майталмандар болғанын ерекше атап өткен болатын.

Мысалы, 1930 жылдың екінші жартысында Ленинград қаласында ағаш мүсіншісі



Исаак Иткинд (1871–1969) есімі дүркіреп тұрды. 1937 жылы Иткиндің «Пушкин» мүсіні әйгілі ақынның қайтқанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған конкурстық көрмеде үздік деп танылады. Иткиндің бүкіл одаққа атағы шығып, ел арасында мүсіндеу өнеріндегі Ван Гог аталып жүрді. Алайда, көрмеден кейін көп ұзамай мүсінші Жапония пайдасына тыңшылық жасады деп айыпталып, түрмеге қамалады. Онда оның денсаулығына үлкен зақым тиеді. Ақыры Сібірге жіберілген суретші кейін Қазақстанға жер аударылады.

Бүкіл әлем Иткинд лагерлерде 1938 жылы қаза тапты деп ойлады, түрлі әдебиеттерде оның мүсіндері астында өлген жылы жазылып келді. Алайда, мүсінші 1938 жылдан бастап Қарағанды, Ақмола облыстарында, кейіннен өмірінің соңғы күндеріне дейін Алматы қаласында өмір сүрді.

Иткинд ұзақ уақыт бойы кедейшілікте, үйсіз-күйсіз күн кешті. Достық пен Абай көшелерінің қиылысында өзі қазып салған үйшікте мекен етті. Дегенмен, табиғатынан жарқын, әзілге жақын мүсінші тағдырына мойынсұнбай, шығармашылыққа ден қойды. Оның қазақстандық шығармалары қатарында «Жамбыл ақын», «Амангелді», «Абай», «Поль Робсон» ерекше орын алады. «Ештен кеш жақсы» демекші, шебер өмірінің соңына қарай оған Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері атағы, шеберхана мен баспана берілді. Мүсінші бір ғасырға тауа өмір сүріп, 98 жасында өмірден озды.

КЕСКІНДЕМЕ ПРОФЕССОРЫ

Иткинд сияқты атағы шыққаннан кейін сталиндік репрессияның азуына Киев суретшісі, бейнелеу өнерінің оқытушысы Абрам Черкасский (1886–1967) түсті.

Санкт-Петербург Императорлық өнер академиясында керемет білім алып, өзі туған

Украинада сурет салып, дәріс оқыды. Репрессия шыңы – 1937 жылы Абрам Маркович әйгілі суретші әрі құрметті ұстаз болды, оған профессор атағы берілді.

Суретшінің мамыражай өмірін алыстан жеткен суық хабар бұзады. Оған кезінде поляк суретшісі Ционглинскийден дәріс алғаны алға тартылып, Польшаның пайдасында тыңшылық жасалды деп айып тағылады.

Суретшінің бағына орай, өлім жазасы тағайындалмады. Ол Карлаг-қа жіберіліп, қылқаламын қирқаға ауыстырды. Аман қалудың жолын іздеді.

Оның әйелі Ева Львовна да мойынсұнбады. Мәскеуге барып, қателікпен сотталған күйеуін босатуды сұрап, тиісті мекемелердің табалдырығын тоздырды. Нәтижесінде 1940 жылы суретші бостандыққа шықты. Енді еліне қайтайын деп жиналғанда соғыс басталып кетті, сөйтіп отбасымен Алматыда орнығып қалады. Алматы қалада Абрам Маркович өнер мектебіне жұмысқа қабылданып, профессор ретінде тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Педагогикалық жұмысымен қатар ол көп еңбек етті, пленэрге барды. Оны туған Украина ландшафтынан өзгеше, бірақ бояуларға қанық Алатау табиғаты бірден баурап алды. Оның қазақ даласына сіңісіп кеткеніне дәлел бізге жеткен туындылары: «Жамбыл Жабаев пен Дина Нұрпейісова», «Көгілдір көктем», «Жазушы Сәбит Мұқановтың портреті», т.б. картиналары мен «Гүлдер», «Сирень», «Көкнәр» натюрморттары қазақстандық өнердің классикасына айналды.

ҚазКСР еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚазКСР Халық суретшісі, кескіндемеші, педагог Абрам Черкасский 1968 жылдың күзінде дүниеден озды. Оны соңғы сапарға шығарып салуға біраз шәкірттері жиналды. Ұстаздық жолында ол атақты суретшілердің бір тобын тәрбиелеп өсірді. Олардың ката-

рында ҚазКСР халық суретшілері Гүлфайрус Исмаилова, Сабур Мамбеев және Мұхамед-ханафия Телжанов, ҚазКСР еңбек сіңірген өнер қайраткері Камилль Шаяхметов және т.б. бар.

– Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында қуғын-сүргін жылдары Қазақстанға жер аударылған суретшілердің бірегей мұрасы жиналған. Олар тек шығармашылықпен айналысып қана қоймай, бейнелеу өнері мектептерінің негізін қалады, бір топ дарынды суретшілер тәрбиеледі. Өкінішке орай, бәрі бірдей аман қалмады, мысалы Карлаг-та әйгілі кеңестік авангард суретші Вера Ермолаева қайтыс болды, көптеген басқа да суретшілер қуғын-сүргін кезінде өмірмен қош айтысты. МӨМ, республика өңірлерінің мұражайы сияқты, тарихи жадыны сақтау үшін осы кескіндемешілердің тағдырларын зерделеуде, – деп түйіндеді Әмір Жадібәев.

P.S.

Қазақстанға қудаланған 600 суретшінің тағдырын бір сағаттық дәрісте баяндап шығу мүмкін емес. Дәрістің өзінде оншақты ғана суретшінің есімі аталып, қысқаша ақпарат беріліп үлгерді. Олардың өмір жолы да толық зерттелді деуге келмейді. Алайда, құпия мұрағат құжаттарының беті ашылғалы бұл жолда үлкен қадамдар жасалуда.



ТАРИХИ ТАНЫМ

МҰРАЖАЙЛАР СЫР ШЕРТЕДІ

«Өткендер рухына тағзым – ұрпақ үшін тағылым»

Соңғы жылдары саяси қуғын-сүргін кезеңін зерттеу қарқын алды. Бүгінде құпия мұрағаттармен тыңғылықты жұмыс басталып, ол үшін арнайы комиссия да құрылды. Демек, осы зерттеулердің арқасында алда түрлі деректер мен тарихи фактілер алдымыздан шықпаса, кім кепіл?

Ал бұл деректерді орналастырып, халыққа ұсынатын жалғыз мекен – мұражай. Ендеше, елімізде саяси қуғын-сүргін кезеңіне арналған қандай мұражайлар – ескерткіштер бар еді, соған тоқталып өтсек.

КарЛАГ

«КарЛАГ», яғни Қарағанды еңбекпен түзеу лагері – ГУЛАГ архипелагы құрамындағы ең ірі азап аралы. Ол кезінде Қазақстанның орталығында солтүстігі мен оңтүстігіне дейін 300 шақырым, шығысынан батысына дейін 200 шақырым ұлан-ғайыр жерді алып жатқан. Ал сыртқарғы Ақмола және Балқаш бөлімшелерін қосып есептегенде, «КарЛАГ»-тың ауқымы Францияның жер көлемімен теңеседі. «КарЛАГ» – сталиндік саяси қуғын-сүргіннің адам айтқысыз аюандықпен жүргізілген азалы тарихы.



«КарЛАГ» мұражайы



«Көз жасы» стеласы.

Стела лагерь тозағын көргендерге арналған. Онда бұрынғы КСРО территориясында орын тепкен ГУЛАГ-тың картасы бейнеленген. Сондай-ақ, Қазақстанның аумағында орналасқан Карлагқа бағынышты 11 лагерьдің атауы жазылған. Тікенекті сымның аржағындағы әйелдер мен балалардың қасіретті тағдыры көрініс тапқан.

Жаппай саяси қуғын-сүргін кезінде ұйымдастырылған ГУЛАГ лагері кезінде «халықтар түрмесі» деп аталған. Аталмыш лагерь Қарағанды қаласынан оңтүстік-батыс бағытқа қарай 50 шақырымдық жерде орналасқан.

Мұнда 1930 жылдан 1953 жылға дейін 3 млн 778 мың 254 адам түрлі айыптар бойынша жазасын өтеген. Олардың арасында саясаткерлер, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері болды. Бұлардың барлығы қара жұмысқа жегіліп, азаптан көз жұмды. Кейбір деректерде 788 мың адам ату жазасына кесілді делінген.

«АЛЖИР» лагері

Астана іргесіндегі Ақмола ауылында орын тепкен «Алжир» мемориалды мұражайы бастапқыда КарЛАГ-тың арнайы бөлімшесі болып құрылып, кейіннен «Отанын сатқандардың әйелдерінің Ақмола лагері» атауын алған. «АЛЖИР»-де өткен ғасырдың 30–50-жылдары этаппен 20 мыңнан астам әйел қамауға алынса, олардың 8 мыңнан астамы мерзімдерін толық өтеп шыққан. «Халық жауының әйелі» немесе «халық жауының отбасы мүшесі» ретінде сотталғандарды мұражай ауласында тұрған «Сталин вагонымен» немесе оның екінші атауы «Қызылшамен» осы жерге әкелетін.



Саяси жер аударылған «халық жауларын» таситын «Сталиндік вагоны» немесе оны басқаша «Қызылша» деп атаған.

Мұражай қызметкерлерінің айтуынша, бұл вагон 1927 жылы қуғынға ұшыраған және Қазақстанға жер аударылған адамдарды тасымалдау үшін арнайы тапсырыспен Одесса қаласында жасалған.



«Қасірет қақпасы» монументі – киелі жерге кірудің нышаны іспеттес, бұл жерде екі дүние – тірілер мен бақи болғандар кездесетіндей. Монумент қайтыс болған күйеуі мен жоғалтып алған балаларын қайғырған әйелді бейнелейді.

Мұражай аумағындағы «Қасірет қақпасы» монументінің, «Түңілу мен әлсіздік», оған керісінше «Күрес пен үміт» композицияларының өзіндік мән-мағынасы бар. Ал Қазақстандағы өзге мемлекеттердің елшіліктері орнатқан ескерткіш белгілер лагерьде отырған 62 ұлттан шыққан әйелдер туралы сыр шертеді. Олардың ең көбі орыстар (4390 адам) болған. Ал қазақтардан 87 әйел «АЛЖИР» тұтқыны атанған. Атап айтсақ, Бейімбет Майлиннің әйелі Гүлжамал Майлина, Тұрар Рысқұловтың жары Әзиза Рысқұлова-Есенғұлова мен енесі Арифа Есенғұлова, Жұмат Шаниннің зайыбы Жанбике Шанина, т.б. осы түрмеде болған.



«АЛЖИР» тұтқындарын балаларынан айыру» диорамасы баракта көрсетілген.

«Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінен «отанын сатқандардың отбасы мүшелері» ретінде 18 мыңнан астам әйелдер өтті, оларды үнемі этаппен лагерьден-лагерьге ауыстырып отырған. «АЛЖИР»-де бір мезгілде 8 мыңға жуық әйел отырған. Карлагта 1507 бала туылған. «АЛЖИР»-де 600-ге жуық (нақты саны анықталып жатыр) әйел қайтыс болды.

Азап «аралына» айналған «АЛЖИР» 1953 жылы, «халық атасы» атанған Сталин қайтыс болғаннан кейін жабылды.



ҚАНДЫСАЙ белгітасы

Алматының маңындағы Боралдай елдімекенінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған Қандысай белгітасы бар. Тарихта «ұлы террор» деген атпен қалып, сол кездегі қазақ халқының қаймағы – асыл азаматтарымызды жазықсыз атып, көмген жер бүгінде қараусыз қалып, тоза бастаған.

Жалпы, Алматыға жақын жерлерде саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған екі ескерткіш бар. Бірі – Боралдайда, екіншісі – «Жаңалық» ауылында орналасқан.

Боралдайда орналасқан ескерткішті «Қандысай» деп атайды. Кезінде 19 «наркомды» бір түнде атып, осы Боралдайдағы сайға әкеліп көмген екен. Бірақ бұл еш құжатта көрсетілмеген. Бүгінгі ұрпаққа ол сол мәйіттерді тасыған шопырдың аузынан жеткен.

Қазақстан саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар қауымдастығының төрағасы Жұмабек Ашуұлының айтуынша, 1938 жылдың 25 ақпанында Алматыда 39 адам атылып, денелері Боралдайдағы сайлардың біріне тасталған.

«ЖАҢАЛЫҚ» мұражайы

1937-1938 жылдары Алматы қаласында және Алматы маңындағы абақтыларда өлтірілген екі мыңдай адамның мәйіті осы «Жаңалық» ауылының іргесіне үйінде ретінде көмілген. ҚР Тұңғыш Президентінің тапсырмасымен бұл тарихи оқиғаға лайықты баға беру үшін 1997 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш бой көтерді. Ал 2018 жылдың 1 желтоқсанында құрбандарға арналған музей өз жұмысын бастады.



Көлемі 635 шаршы метр музей ғимараты ескерткіштің жанында орналасқан. Сонымен қатар, қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының есімдері де бір стендке топтастырылыпты. Мұнда 172 адамның аты жазылған.

Елімізде 1929–1933 жылдары 2 миллионға жуық адам қаза болып, тағы миллиондай адам жан сауғалап, елден босып кеткен. Саяси себеппен 103 мың адам сотталып, оның 25 мыңы ату жазасына кесілген. Қазақстан аумағында 11 жазалау лагері құрылып, онда сотталғандар мен олардың отбасылары адам төзгісіз қиын жағдайда күн кешкен.

«АНА» монументі



1931–1933 жылдардағы аштық құрбандарына арналған «АНА» монументі «Қарағайлы» саябағындағы Қабанбай батыр мен Наурызбай батыр көшелерінің қиылысына орналасқан. Аштықтан бұратылған сәбиін құшақтаған Ананың қайғылы халі. Биіктігі 3 метр, қола мен граниттен жасалған ескерткіш өмір мен өлімнің арасындағы қазақ халқының басынан кешкен талайлы тағдырын шынайы бейнелейтіндей. Деректерге көз жүгіртсек, 1918–1933 жылдар аралығында Қазақстанда түрлі деректер бойынша үш миллионнан астам адам қайтыс болған, ал 1931–1933 жылдары 1 миллион 700 мың адам қырылып кеткен. 1937–1938 жылдары 100 мыңнан астам қазақстандық репрессияға ұшыраған.

Әзірлеген Айжан БҮРКІТБАЕВА.
(Ақпараттар мен фотосуреттер ашық интернет дереккөздерінен алынды).



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 мамырдағы
№2/115-247 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 16 мамырдағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Құбыр көлігі үшін Чуйшбаева Жамиля Кумискалиеваның Алматы қаласының Алатау ауданындағы Фадеев көшесі, 2 Б мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-023-236), ауданы 0,0297 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 мамырдағы
№2/115-248 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-137 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Емхана құрылысы үшін «ПВД.КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Бостандық ауданындағы «Нұр Алатау» шағынауданы, Қазыбек Тауасарұлы көшесі, 73 үй мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,5889 га (кадастрлық нөмірі 20-313-055-324) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодекстің 96-бабы, 1,2 тармағының негізінде 2022 жылғы 9 маусымнан бастап esportal.kz сайтында «Баум Тоғайы» табиғат ескерткіші аумағында Баум Тоғайын дамыту және сақтау жобасы және Ормандағы санитарлық қағидалар негізінде 2022 жылы «Баум Тоғайы» аумағында санитарлық кесілетін ағаштарға байланысты қоғамдық талқылау басталады.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Медеу» Мемлекеттік өңірлік табиғи паркі КММ.

Бас жобалаушы: ЖШС «Центр дистанционного зондирования и ГИС «Терра».

Байланыс телефоны: 8 (727) 292-02-38.

КОНКУРС

БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

«Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру» жобасы аясында шағын гранттар конкурсы басталды



Динара
МҰРАТ

«Алматы» студенттер Альянсы» корпоративтік қорының ұйымдастырумен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның гранттық қаржыландыруы негізінде «Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шараларды өткізу» жобасы аясында әскери-патриоттық клубтар мен ұйымдар үшін шағын гранттар конкурсы басталды. Шағын грантты 10 ұйымға 400 мың теңге көлемінде беру жоспарланған.

Бұл шараның мақсаты – әскери-патриоттық бағытта жұмыс жасайтын клубтар мен үкіметтік емес ұйымдарға мектептер мен колледждер базасында өз жұмыстарын ұйымдастыруға қолдау көрсету.

Шағын гранттар байқауына қатысуға Қазақстан Республикасында әрекет ететін әскери-патриоттық клубтар мен үкіметтік емес ұйымдарға рұқсат етіледі және әскери-патриоттық клуб атынан өтінім берген жағдайда, топ жетекшісінің жасы 18 жастан жоғары болуы тиіс. Топтың қалған мүшелерінің жасы 14 жастан жоғары болуы қажет. Байқауға қатысуға өтінімді тікелей топ жетекшісі топтың барлық мүшелерін көрсету арқылы тапсыруы тиіс.

Жобалар «Әскери-патриоттық керуен» іс-шаралар кешені, әскери мамандардың, әскери қызметкерлердің беделін артыру бойынша іс-шаралар, жастарды әскерге тарту бойынша іс-шаралар кешені және елімізде қызмет етіп жатқан әскери клубтар мен үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық қолдау көрсету бағыттары бойынша қабылданады.

Сонымен қатар, жобалар әскери-патриоттық тәрбие бағытындағы нақты мәселелерді шешуге бағытталған бастамаларды қолдауға бағытталған болуы тиіс. Тапсырылатын бастама әскери-патриоттық тәрбие, әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі мемлекеттік шаралар туралы хабардар болу деңгейін арттыру, әскери қызметтің беделін көтеру, патриоттық және Отанға деген сүйіспеншілік рухын тәрбиелеу мақсатында әскери-патриоттық клубтар мен бірлестіктерді танымал ету бағыттарына сай болуы тиіс.

Байқау туралы толық ақпарат «Алматы» студенттер Альянсы» корпоративтік қорының әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары (Instagram: @qsa_almaty, @jastar.online; Facebook: @qsa_almaty; Telegram: jastar.online) арқылы алуға болады. Сонымен қатар, шағын грант туралы хабарлама республикалық жастар ұйымдары, жергілікті атқарушы органдар және т.б. ақпарат көздері арқылы таратылатын болады. Байқауға қатысу үшін өтінім беруші жобалық өтінімдерді 2022 жылғы 14 маусымы күні Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша сағат 23.59-ға дейін shagyn_grant@mail.ru электронды поштасына жіберуі қажет.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылғы жарты жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртекстің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

**Балалар
жылы
2022****Өнерлі балақайлар
байқауы****Рая
ЕСКЕНДІР**

Биыл еліміз Балалар жылын кеңінен атап өтуде. Кемел елдің келешегі болар ұрпақтың жарқын болашағы үшін маңызды іс-шаралар легі көптеп өтіп жатыр. Баланың қауіпсіздігі және денсаулығымен қатар, олардың талантын ұштау үшін бірнеше байқау жоспарланған еді.

Жетісу ауданындағы Тілеулес Сабырова басшылық ететін №170 бөбекжай-балабақшасының бүлдіршіндері «BALAFEST» фестиваліне ұйымшылдықпен қатысып, үздік өнер көрсетті. Олардың өнері әділқазылар алқасы тарапынан жоғары бағаға ие болды. Фестивальдің 7 байқауында да бүлдіршіндер әр қырынан танылды. Фестиваль аясында «Өнерлі бала» байқауына балақайлар ата-аналарымен бірлесіп қатысып, ұжымдық жұмысқа да епті екендіктерін танытты. Өнерлі балақайлар Насырхан Айару, Рифхатқызы Диана, Ханаәлі Русланұлы, Раяна Ертай, Айзере Серік, Айсұлтан Серік, Арман Амангелді, Ернар Ертайдың қолынан шыққан мазмұнды суреттер байқаудың ең жоғары бағасына ие болды.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС**Жазғы демалыс
лагеріне барады**

Биылғы Балалар жылы аясында 3,3 млн оқушы жазғы демалыс лагерімен қамтылатын болды. Бұл жөнінде Үкімет отырысында Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова мәлім етті.

– Балалар жылына орай балалардың жазғы демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру биыл ерекше назарда тұр. Бұл ретте жазғы демалыстың тиімділігін арттырып, кадрлық әлеуетін дамыту бойынша бірқатар жұмыс жүргізілген еді. Осы жылдың мамыр айында балалар лагерлерінде қызмет ететін студенттік педагогикалық жасақтарының қатысуымен «Балалық шақ навигаторлары» атты республикалық слет өткізілді. Сонымен қатар, жергілікті әкімшіліктер де бұл жұмысқа жауапкершілікпен кірісіп, демалыс лагерлерін, мектеп жанындағы алаңдар мен жазғы мектептердің жағдайына баса назар аударуда. Әлемдік індет салдарынан екі жыл бойы карантиндік шектеулермен демалыс ұйымдастыру толық іске асырылмағаны белгілі. Сондықтан биыл жазда 3,3 млн оқушыны демалыспен қамтуды жоспарлап отырмыз. Қазірдің өзінде бұл көрсеткіш 31 пайызға артып отыр. Дегенмен, әлі де қала сыртындағы лагерлердің санын арттыру қажеттілігі бар, – деді.

Балаларды қорғау күні Мемлекет басшысының қатысуымен Алматы қаласында 6 мыңнан аса баланы қамтитын «BALAFEST» мерекелік іс-шарасы өткізіліп жатыр. Жаз бойы әр өңірден балалардың Нұр-Сұлтан қаласына саяхаты ұйымдастырылады.

РУХАНИЯТ**«ЖАНЫ СҰЛУ ЖАНДАРДЫ ДОС КӨРГЕНМІН»**

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ҚР мәдениет қайраткері, белгілі ақын Әділғазы Қайырбековтің шығармашылық кеші өтті

С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің жетекшісі Әділғазы Қайырбековтің Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде өткен бұл әдеби кездесу кешін аталмыш оқу орнының Қазақ тілі және әлем тілдері институты, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының студенттері ұйымдастырды. Шараға алматылық студент-жастар қатысты.

Ақын жүрегі әрқашан сезімтал, әсершіл. Шығармашылық ғұмырында ақын қаламынан көптеген өлең-жырлар, балладалар жазылып, «Шер шертер», «Бөртостаған», «Жандауа», «Ғұмырдария», «Назқоңыр» жыр кітаптары, 10 томдық шығармалар жинағы жарыққа шыққан.

«Жаны сұлу жандарды дос көргенмін» деп аталған кездесу барысында ақын жеке шығармашылығынан «Барқытбел», «Көңіл», «Есе кеткен» және сиясы кеппеген «Үшеуің-ай!», т.б. өлеңдерін шабыттана оқып, тыңдарман жүрегіне әсерлі сезім ұялатты. Өмір жолының балалық, жастық шақтарына сапар шекті.

Мейман қазақ әдебиетінің алыптары, академик-жазушылар С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығынан, рухани бай мұраларынан, музей-үйлеріндегі құнды жәдігерлерінен сыр шертті. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Балнұр Хайрулла ақын шығармашылығы, Аршын Алашыбай ақынның поэмала-



ры туралы ой бөлісті. Сағыныш Балтабай ақын өлеңдеріне байыпты талдау жасады. Аружан Көлен «Жаны сұлу жандарды дос көргенмін», Әлия Қалижанқызы «Гүл ме деп үзіп алғым келгені шын», Шахидям Сайдахметова «Күн шапағы түседі шын басына» атты ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Өнерпаз студенттер Ғазиза Еділқасым, Ұлдана Нұрбопа домбырамен, гитарамен тамылжыта ән шырқады. Кеш қонағына шығарған арнау өлеңін Ұлбосын Мыңбай тебірене оқып, ақын жүрегіне ерекше сезім ұялатты.

Кездесу кешіне Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, сыншы, ақынның курстас досы Әмірхан Меңдеке қатысып, кеш қонағының бұл шығармашылық жыр кешінен жастардың алары мол екенін, олар-



дың ұлттық сана-сезімінің жоғарылауына, ана тіліне, мәдениеті мен әдебиетіне деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына үлкен әсері болатынын жеткізді. Оқу орнының оқытушы-ғалымдары ақын шығармашылығымен, ақынның өзімен жақынырақ танысып, ой-пікірлерін ортаға салды. Оқырмандарына зор әсер сыйлаған бұл әдеби кездесу кешінің соңы ақыннан қолтаңба алу, естелік суретке түсумен өз мәресіне жетті. Кешті филология ғылымының кандидаты, профессор Бибігүл Сұлтанова жүргізіп отырды.

Диана ЖЕҢІС,
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық
музей кешенінің қызметкері.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ**«ЖЕТІҚАРАҚШЫ» ЖЕРГЕ ҚАРАЙ ЖАҚЫНДАП,
ШӨМІШІ САЛБЫРАМАЙ – ЖАЗ ШЫҚПАЙДЫ**

Байырғы жұлдызшылардың өмірлік тәжірибелерінен жинақталған байыпты болжам, нақты жорамал осындай

**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ**

Маусым айында амал көп-ақ. «Бұлбұл торғай», «Үркердің ба-туы», «Әләкүлік», «Саратан-Зауза», бұлардың сыртында «Көкірек-шал», «Құралайдың салқыны», «Аласапыран» амалдары.

Жаз басындағы алғашқы амал – «Бұлбұл торғай». Жаз торғайының келуіне байланысты осылай аталса керек. Бұрынғы кезде көктемнің басын маусым айынан есептеген. Себебі, алыстан келетін құстар осы мезгілде түгел келіп болатын көрінеді.

Қазаққа «жыл құсындай» деген тамаша сөз тіркесі бар. Өлем таныған жазушымыз Мұхтар Әуезов бұл тіркесті жиі қолданған. Қазақ әдебиетіне жастар лек-легімен келе бастағанда «бұл өзі жыл құсындай жаңалық болды» деп қуана жазған еді.

Мамырдың 15-інде Үркер көрінбей кетеді екен. Енді бір деректе «...Маусым айы басталысымен Үркер мүлде көрінбей кетеді де, 40 күн шілде басталады» делінеді. Қазаққа «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» деген тәміс бар. Үркердің көрінбеуін халық «Үркердің жерге түсуі» деп те атайды. Осы уақытта «Әләкүлік» деген суық амал келеді. Ол маусымның онында кіріп, он бесінде шығады. Түйелер бұл кезде ағаш жапырағын жапыра жегенде байқаусызда жапырақ астындағы «әләкүлік» деген құртты жеп қояды да, жардай болып семіріп, жұрып-тұруы қиындайды, кейде өліп қалады. Сондықтан тәжірибелі малшылар бұл кезде түйелерді әләкүлік құрты қонбайтын төменірек жерге бағады.

Осы амалмен қабаттасып «Саратан-Зауза» амалы келеді. Қазақтар осы амалдан қауіптеніп, үнемі сақтанып, қамданып отырған.

Жалпы, қазақ шаруағаттан гөрі табиғатқа жақын халық. Ертеректе шаруалар «Жетіқарақшы төмен еңкейіп келмей, жаз болмайды» деген. Өйткені, Жетіқарақшыға қарап, түн мезгілдерін белгілеумен қатар, жыл мезгілдерін де айыратын болған. Шаруа адамы үшін Үркердің жерге түсуі малға қолайлы.

Аспан денелерінің білдіруіне қарағанда күннің қызуы ақырындап арта бастайды. Дегенмен, жауын жаууын тоқтатпайтын түрі бар. Күнде-күнара әлсін-әлсін селдетіп, нөсерлетіп тұрады. Тау төңірегінде найзағай ойнап, бұршақ жауу қаупі бар. Басын айбарлы Алатаудан алған өзендер мен жылғалардағы тасқын «жарысы» да әзір тоқтамаса керек...

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, маусым айының – 1-і. Ай есебімен де айдың –1-і. Қазақша (ескі есеппен) санағанда жаңа ай 13 күннен кейін басталады. Бұрыннан жазып келе жатқанымыздай, қазақең әрбір айдың 14-ін айдың басы (бірінші күні) деп есептеген.

**БАБАЛАР БОЛЖАМЫ:****АЙ НҰРЫ МЕН СӘУЛЕСІНЕН САҚТАНУ
ТӘСІЛДЕРІ:**

- Түнге қарай перделерді дұрыстап тұтып, терезелерді қымтау қажет.
- Ұйқыдағы адамның (әсіресе, сәбидің) бетіне ай сәулесінің түспегені жөн.
- Ақыл-естің ауытқуына, басқа да психикалық аурулардың туындауына толған айдың өткір сәулесі зиянын тигізуі әбден мүмкін. Бұл ғылымда дәлелденген.

Қалай болғанда да, жаз басталды. Ауа райының құбылмалы болғанына қарамастан, күннің жылуы кемімесі анық. Жаздың аты – жаз ғой. Бірақ бұл жаңбыр жаумайды деген сөз емес. Алдағы аптада аптап ыстықпен бірге нөсерлі жауын, өкпек жел, салқын самал болуы әбден мүмкін. Найзағай ойнап, күн күркіреуі де ғажап емес.